		<p>мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соғуы мүмкін функцияларды орындауға құқығы жоқ.</p> <p>Комплаенс-бақылаудың негізгі мақсаты оның заңды мүдделерін, қаржылық тұрақтылығын және іскерлік беделін қорғауға бағытталған КАСС қызметінде комплаенс-тәуекелдерді тиісінше және тиімді басқаруды қамтамасыз ету болып табылады.</p> <p>Комплаенс-қызметтің функцияларына оның ішінде мыналар жатады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ КАСС Директорлар кеңесінің/КАСС Директорлар кеңесі комитеттерінің тапсырмалары бойынша комплаенс-тәуекелдерді анықтау, бағалау және мониторингтеу мақсатында Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ КАСС қызметіне ықпал ететін шет мемлекеттер заңнамалары, КАСС ішкі құжаттары талаптарының сақталуына мерзімді тексерулер жүргізу; ✓ комплаенс-тәуекелдер бойынша есептілік жүйесін әзірлеу және жүргізу және комплаенс-тәуекелдерді басқаруға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға байланысты КАСС жұмысында анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөніндегі ұсынымдарды қоса алғанда, КАСС уәкілетті органдарына комплаенс-тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша ақпаратты мерзімді негізде ұсыну; ✓ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы ішкі құжаттарды әзірлеу және өзекті ету; ✓ КАСС Директорлар кеңесінің қарауына комплаенс-тәуекелдерді анықтау, өлшеу, мониторинг және бақылау тәсілдері мен процедураларын жетілдіру жөнінде ұсыныстар енгізу, сондай-ақ комплаенс-тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған ұсынымдар әзірлеу. <p>Ішкі аудит қызметі ішкі бақылау органдарының жүйесіне кіретін КАСС дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылады.</p> <p>Ішкі аудит қызметінің тәуелсіздігі мынадай талаптардың сақталуымен қамтамасыз етіледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Ішкі аудит қызметі құрылуы, қайта ұйымдастырылуы және таратылуы Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүзеге
--	--	--

		<p>асырылатын Директорлар кеңесіне ұйымдық тұрғыдан бағынады және функционалдық есеп береді;</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Ішкі аудит қызметі тексеруге жататын қызметті жүзеге асырмайды; ✓ Ішкі аудит қызметі өз функцияларын жүзеге асыру барысында туындайтын мәселелер және оларды шешу жөніндегі ұсыныстар туралы өз бастамасы бойынша Директорлар кеңесіне баяндайды, сондай-ақ осы ақпаратты Басқарма Төрағасы мен Басқармаға ашады; ✓ Ішкі аудит қызметінің қызметі кемінде бес жылда бір рет сыртқы аудитордың тәуелсіз бағалауына жатады. <p>Ішкі аудит қызметінің басшысы мен жұмыскерлерін қызметке тағайындау (қызметтен босату) Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>Ішкі аудит қызметінің міндеттеріне мыналар кіреді:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ ішкі аудитті Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына, ҚР ҰБ нормативтік актілеріне, Ішкі аудиторлар институтының (The Institute of Internal Auditors) кәсіби ішкі аудит практикасының халықаралық негіздеріне, ішкі бақылау жүйесінің жұмыс істеуі және ішкі аудитті жүзеге асыру мәселелері бойынша КАСС ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асыру; ✓ КАСС қызметінің барлық бағыттары бойынша тексерулерді жүзеге асыру. Кез келген құрылымдық бөлімше және/немесе КАСС бизнес-процесі тексеру объектісі болып табылуы мүмкін; ✓ ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару және корпоративтік басқару жүйесінің барабарлығы мен тиімділігін тексеру және бағалау; ✓ бөлімшелердің, қызмет бағыттары басшыларының және басқару органдарының анықталған тәуекелдер деңгейін төмендетуді қамтамасыз ететін тексерулер нәтижелері бойынша қабылдаған шараларының тиімділігін бақылауды жүзеге асыру немесе бөлімше басшысының/қызмет бағытының және (немесе) басқару органдарының анықталған
--	--	---

		<p>тәуекелдердің КАСС үшін қолайлылығы туралы шешім қабылдауын құжаттау.</p> <p>Ішкі аудит қызметінің аудиторлық тапсырмалардың орындалуы туралы есептері Директорлар кеңесінің (Аудит жөніндегі комитеттің) және КАСС Басқармасының қарауына ұсынылады. Ішкі аудит қызметінің жұмысы туралы мерзімді есептер Директорлар кеңесінің (Аудит жөніндегі комитеттің) қарауына және бекітуіне ұсынылады</p>
<p><i>7-критерий</i></p> <p>Директорлар кеңесі ҚНИ-дың құрылымы, ережелері, жалпы стратегиясы және негізгі шешімдері оның тікелей және жанама қатысушыларының, сондай-ақ басқа да мүдделі тараптардың заңды мүдделерін тиісті түрде көрсетуін қамтамасыз етуге тиіс. Негізгі шешімдер туралы ақпаратты мүдделі тараптардың назарына, ал нарыққа кең ауқымды әсер еткен жағдайларда жұртшылықтың назарына нақты нысанда жеткізу қажет</p>	Сақталады	<p>Мүдделі тараптар мен клирингке қатысушылардың мүдделерін анықтау және есепке алу мынадай тәсілдермен жүзеге асырылады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қаржы нарығына қатысушы компаниялардың және КАСС клиенттерінің басқару органдарының мүшелері болып табылатын Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің мүшелері арқылы тікелей; 2) жария іс-шаралар (форумдар, семинарлар, кеңесулер, клирингтік қатысушылармен тоқсан сайынғы кездесулер). <p>Бұдан басқа, КАСС жұмысын регламенттейтін ішкі құжаттарды КАСС ашық түрде жариялайды. Сонымен қатар ішкі құжаттардағы өзгерістер туралы ақпарат КАСС сайтының жаңалықтар бөлімінде жарияланады</p>
<p>3. Тәуекелдерді кешенді басқару жүйесі</p> <p><i>ҚНИ-дың құқықтық және кредиттік тәуекелдерді, өтімділік тәуекелін, операциялық және басқа да тәуекелдерді кешенді басқару үшін тұрақты тәуекел-менеджмент жүйесі болуы тиіс.</i></p> <p>Сәйкес келеді</p>		
<p><i>1-критерий</i></p> <p>ҚНИ тәуекел-менеджменті саясатын, сандық бағалауға, мониторинг жүргізуге және ҚНИ құратын және олар сынайтын барлық тәуекелдерді басқаруға мүмкіндік беретін тәуекелді басқару процедуралары мен жүйелерін иеленуге тиіс. Тәуекелдерді басқару жүйесі мерзімді қайта қаралуға тиіс.</p>	Сақталады	<p>КАСС қызметі Тәуекелдерді басқару саясатымен белгіленген мынадай негізгі тәуекелдерге ұшырайды (НҚА талаптарын ескере отырып):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) операциялық тәуекелдер; 2) құқықтық тәуекелдер; 3) бедел тәуекелдері; 4) комплаенс-тәуекел; 5) нарықтық тәуекелдер; 6) өтімділікті жоғалту тәуекелдері; 7) кредиттік тәуекелдер; 8) жүйелік тәуекелдер;

		<p>9) ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдері; 10) орнықты даму тәуекелдері (ESG-тәуекелдер)</p> <p>Тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және басқару процестері Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясатының талаптарын ескере отырып жасалған Тәуекелдерді басқару ережелерінде анықталған.</p> <p>КАСС тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау КАСС Директорлар кеңесі бекітетін бөлімшелерге жыл сайын сауалнама жүргізу және тәуекелдер тіркелімін жасау жолымен жүзеге асырылады.</p> <p>Жаңа тәуекелдерді сәйкестендіру, жыл сайынғы жоспарлы сауалнама жүргізу және тәуекелдер тіркелімін бекіту процестері арасында қызмет процесінде тәуекелдерді іске асырудан басталу және/немесе әсер ету (залал) ықтималдығының өзгеруі жағдайында тәуекелдер тіркелімін кезектен тыс жасау және бекіту процесіне бастама жасалады.</p> <p>КАСС "жоғары" және "күрделі" ретінде бағаланатын елеулі тәуекелдер оларды анықтау нәтижелері бойынша КАСС елеулі тәуекелдері бойынша әзірленетін негізгі тәуекел индикаторларының мониторингі арқылы қадағаланады/төмендетіледі.</p> <p>Тәуекелдерді басқару:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) КАСС тұрақтылығына қауіп төндірмейтін деңгейде тәуекелді қолдау бойынша шаралар қабылдауды; 2) бақылау процедураларын енгізуді; 3) қолданыстағы процедураларды және/немесе бақылау процедураларын оңтайландыруды; 4) процестерді автоматтандыруды қамтиды. <p>Меншікті қаражатты орналастыруға және КҚ-ны қамтамасыз етуге байланысты тәуекелдерді басқару КАСС Активтерді инвестициялау саясатымен және Активтерді инвестициялау ережелерімен реттеледі.</p> <p>КАСС Директорлар кеңесі Тәуекелдерді басқару бөлімінің есептері, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің КАСС қызметін тексеру нәтижелері туралы есептері негізінде тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бақылайды.</p> <p>КАСС қаржы нарықтарын реттейтін заңнаманың өзгерістерін ескере отырып, қолданыстағы саясаттарға, процедуралар мен тәуекел-</p>
--	--	--

		менеджмент жүйесіне тұрақты түрде талдау жүргізеді және қажет болған жағдайда қайта қарайды
<p><i>2-критерий</i></p> <p>ҚНИ өз қатысушылары үшін, ал қажет болған жағдайда олардың клиенттері үшін олар ҚНИ үшін жасайтын тәуекелдерді басқару және төмендету үшін ынталандырулар жасауға тиіс</p>	Сақталады	<p>Өз тәуекелдерін төмендету үшін ОК клирингілік қатысушылардың қаржылық жай-күйіне қойылатын талаптарды белгілейді, олардың негізінде клирингілік қатысушыларға белгілі бір биржалық нарықта мәмілелерді орындау жөніндегі міндеттемелерді қамтамасыз ету тәсілін анықтайтын санаттар беріледі (биржалық нарықтың сауда-саттық тәртіптемедері). ОК әрбір клирингілік қатысушыдан қамтамасыз етуді алады, оның мөлшері өтімділікті төмендетуге және осындай қаржы құралы бойынша бағалардың құбылмалылығын арттыруға арналған жабуды шегергендегі қаржы құралының есептік құнын ескере отырып, күн сайын қайта бағаланады.</p> <p>Ішінара қамтамасыз етілетін тәртіптемедерде жасалатын ОК-мен мәмілелер бойынша қамтамасыз ету ретінде қабылданатын қаржы құралдарының тізіміне ақшадан басқа неғұрлым өтімді және сенімді бағалы қағаздар енгізіледі, бұл ретте көрсетілген тізім қаржы нарықтарының нарықтық конъюнктурасының өзгеруін, сондай-ақ эмитенттің төлем қабілетсіздігі тәуекелінің артуын және (немесе) қаржы құралының өтімділігінің төмендеуін куәландыратын өзге де ақпараттың болуын ескере отырып өзектендіріледі.</p> <p>ОК қалыпты нарықтық жағдайларда нарықтық тәуекелдерді басқару мақсатында (қаржы құралдары бағасының екі күндік өзгерісі көрсетілген қаржы құралдары бойынша бастапқы маржа мөлшерлемесінен аспайтын шаманы құрайтын шарттар):</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін анықтау жүйесін; ✓ белгілі бір биржалық нарықтарда клирингілік қатысушылардың позицияларын ашу шектелімдерін; ✓ клирингілік қатысушыларды қамтамасыз етудің жеткіліктілігін автоматты түрде бақылауды (клирингілік қатысушылар беретін өтінімдерді қамтамасыз етудің жеткіліктілігіне алдын ала тексеруді қоса алғанда); ✓ белгілі бір биржалық нарықтардағы клирингілік қатысушылардың жеке мөлшерлемелері мен шектелімдерін пайдаланады. <p>Қаржы құралдары бағаларының жоғары құбылмалылығы жағдайында нарықтық тәуекелдерді, өтімділік тәуекелдерін, сондай-ақ жүйелік тәуекелдерді басқаруды (қаржы құралдары бағаларының екі күндік</p>

		<p>өзгеруі осы қаржы құралдары бойынша бастапқы маржаның мөлшерлемелерінен асатын шаманы құрайтын шарттар) ОК:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ клирингілік сақтық және кепілдік беру қорларын қалыптастыру; ✓ клирингілік қатысушылардың кепілдік жарналарының жеткіліктілігін бақылау арқылы жүзеге асырады. <p>Сауда-клирингілік жүйелерінде клирингілік қатысушылардың талаптары/міндеттемелері туралы, сондай-ақ жасалатын мәмілелерді қамтамасыз етуге қойылатын талаптар туралы ақпарат ашылады. Оның үстіне, КАСС интернет-ресурста тәуекелдерді басқару туралы қажетті ақпараттың барлық көлемін ашады. Осылайша, клирингілік қатысушылар КАСС-пен ынтымақтастық кезінде туындайтын тәуекелдерді басқара алады.</p> <p>КАСС клирингілік қатысушылардың позицияларын қамтамасыз етуге талаптар қояды, туындайтын маржиналдық талаптар туралы клирингілік қатысушыларды уақтылы хабардар етеді, сондай-ақ клирингілік қатысушылар міндеттемелерді уақтылы орындамаған жағдайда оларды ауыстыру үшін айыппұл мөлшерлемелерін белгілейді. Сонымен қатар, КАСС клирингілік қатысушылар позицияларының қамтамасыз етілу деңгейіне әсер ететін тәуекел-параметрлердің өзгеруі туралы ақпаратты алдын ала ашады.</p> <p>Клирингілік қатысушының қаржылық жағдайы нашарлаған немесе тәуекел шоғырлану деңгейлері артқан жағдайда клирингілік қатысушыны қамтамасыз етуге қойылатын талаптар арттырылуы мүмкін, оның ішінде "толық қамтамасыз етумен" санаты белгіленуі мүмкін.</p> <p>КАСС клирингілік қатысушылармен кездесулер және БАҚ арқылы өзара іс-қимыл жасайды. КАСС клирингілік қатысушыларға тұрақты есептер мен ақпаратты ұсынады.</p> <p>КАСС өзінің клирингілік қызмет жөніндегі құжаттарының сипаттамасы мен жалпы қағидаларын ашық түрде орналастырады.</p> <p>Клирингілік қатысушының міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін КАСС тәуекелдерін басқару және төмендету үшін ынталандыру ретінде мұндай клирингілік қатысушыны жосықсыз немесе дәрменсіз деп таниды және:</p>
--	--	--

		<p>1) үш күнтізбелік ай ішінде рәсімді бірінші қолданған кезде осындай қолданылған күні қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 15 еселенген мөлшерінде;</p> <p>2) алдыңғы қолданылған күннен бастап есептелетін күнтізбелік үш ай ішінде процедураны қайта қолданған кезде осындай қолданылған күні қолданылған айлық есептік көрсеткіштің 30 еселенген немесе 50 еселенген мөлшерінде (әрбір осындай қолдану үшін) тұрақсыздық айыбын есептейді.</p>
<p><i>3-критерий</i></p> <p>ҚНИ өзара байланыстылығы салдарынан басқа ұйымдар үшін (мысалы, басқа да ҚНИ, есеп айырысу банктері, өтімділік провайдерлері немесе қызметтер провайдерлері үшін) бастан кешіп отырған және тудыратын елеулі тәуекелдерге тұрақты шолу жүргізуі және тәуекелдерді басқарудың тиісті тетіктерін құруы тиіс</p>	Негізінен сақталады	<p>КАСС-та Тәуекелдерді басқару саясатты және ережелеріне сәйкес тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау жүйесі құрылған. Жүйенің мақсаты және осы жүйе шеңберінде жүргізілген процедуралардың нәтижесі КАСС залалдарына әкелген немесе әкелуі мүмкін нақты болған немесе ықтимал ықтимал оқиғалардың тізбесі негізінде тәуекелдер тіркелімін жасау болып табылады. КАСС "жоғары" және "күрделі" ретінде бағаланатын елеулі тәуекелдер оларды анықтау нәтижелері бойынша КАСС елеулі тәуекелдері бойынша әзірленетін негізгі тәуекел индикаторларының мониторингі арқылы қадағаланады/төмендетіледі. Анықталған елеулі тәуекелдерді төмендету тетігі тәуекелдерді төмендету жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді де қамтиды.</p> <p>КАСС елеулі тәуекелдерді анықтау процедурасы шеңберінде мынадай өзге инфрақұрылымдық ұйымдармен өзара іс-қимыл шеңберінде оның қызметінде туындауы мүмкін тәуекелдерді де ескереді:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ ОД; ✓ "Ұлттық төлем корпорациясы" АҚ (бұдан әрі – ҰТК); ✓ корреспондент банктер; ✓ өтімділік провайдерлері. <p>Тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау және басқару процестері Тәуекелдерді басқару саясатының талаптарын ескере отырып жасалған Тәуекелдерді басқару ережелерінде анықталған.</p> <p>КАСС тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау КАСС Директорлар кеңесі бекітетін бөлімшелерге жыл сайын сауалнама жүргізу және тәуекелдер тіркелімін жасау жолымен жүзеге асырылады.</p> <p>Жаңа тәуекелдерді сәйкестендіру, жыл сайынғы жоспарлы сауалнама жүргізу және тәуекелдер тіркелімін бекіту процестері арасында қызмет</p>

		<p>процесінде тәуекелдерді іске асырудан басталу және/немесе әсер ету (залал) ықтималдығының өзгеруі жағдайында тәуекелдер тіркелімін кезектен тыс жасау және бекіту процесіне бастама жасалады.</p> <p>КАСС "жоғары" және "күрделі" ретінде бағаланатын елеулі тәуекелдер оларды анықтау нәтижелері бойынша КАСС елеулі тәуекелдері бойынша әзірленетін негізгі тәуекел индикаторларының мониторингі арқылы қадағаланады/төмендетіледі.</p> <p>Тәуекелдерді басқару:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) КАСС тұрақтылығына қауіп төндірмейтін деңгейде тәуекелді қолдау бойынша шаралар қабылдауды; 2) бақылау процедураларын енгізуді; 3) қолданыстағы процедураларды және/немесе бақылау процедураларын оңтайландыруды; 4) процестерді автоматтандыруды қамтиды. <p>Іске асырылуы басқа ұйымдарға әсер етуі мүмкін кредиттік, нарықтық, жүйелік тәуекелдер және өтімділікті жоғалту тәуекелдері КАСС тәуекелдер тіркелімінде қолайлы деңгейде бағаланды, өйткені орталық контрагент ретінде КАСС қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерді басқару жүйесі дәл осы тәуекелдерге бағытталған:</p> <p>контрагенттердің қаржылық жай-күйінің мониторингі, контрагенттерде қаражатты орналастыру шектелімдерін, сондай-ақ мәмілелер түрлері бойынша шектелімдерді белгілеу, қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін белгілеу, дефолт-менеджмент жүйесінің болуы, корреспонденттік шоттардағы қаражатты әртараптандыру және т.б.</p> <p>Залалдарды жабу мақсатында КАСС ХҚЕС-на сәйкес есеп саясатына сәйкес сақтық қорларын қалыптастырады.</p> <p>КАСС ашық көздердің кезеңдік мониторингін, халықаралық рейтингтердің өзгеруі туралы ақпаратты және КАСС контрагенттері туралы жалпы теріс ақпаратты іздестіруді жүргізеді.</p> <p>КАСС активтерін инвестициялау саясаты эмитенттерге/контрагенттерге құралдар мен шектелімдерді инвестициялауға арналған шектелімдерді көздейді. КАСС инвестициялық комитеті ай сайынғы негізде контрагенттердің дефолт ықтималдығының деңгейлерін қарауды жүргізеді, тиісті ақпаратты КАСС Директорлар кеңесі де қарайды.</p>
--	--	--

<p><i>4-критерий</i></p> <p>ҚНИ дағдарысты маңызды операцияларды жүзеге асыруын және үздіксіз негізде қызметтер көрсетуін әлеуетті қиындатуға қабілетті сценарийлерді ҚНИ анықтауы және жұмыс істеуді қалпына келтіруді немесе реттеп тоқтатуды жоспарлау үшін мүмкіндіктердің толық спектрінің нәтижелілігін бағалауы тиіс. ҚНИ бағалау нәтижелерінің негізінде қызметті қайта бастау немесе реттелген тарату бойынша жоспарлар әзірлеуі тиіс. Қажет болған жағдайда ҚНИ тиісті құзыретті органдарға шешімдерді жоспарлау үшін қажетті ақпаратты ұсынуы тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>КАСС аса маңызды операцияларды жүзеге асыруын және үздіксіз негізде қызметтер көрсетуін қиындатуға қабілетті сценарийлерді ҚНИ:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) клиринглік қатысушылардың дефолтының ықтималдығы мен салдарын болжау мақсатында нарықтық, жүйелік, кредиттік тәуекелдерді және КАСС өтімділігін жоғалту тәуекелін стресс-тестілеу, сондай-ақ КАСС міндеттемелерін жабу үшін ағымдағы өтімділіктің жеткіліктілігін бағалау шеңберінде әзірлейді; 2) клиринглік жүйелердің операциялық тәуекелдерін стресс-тестілеуді клиринглік қатысушыларға қызметтер көрсету процесінде жүйелердің істен шығу/істен шығу тәуекелін уақтылы анықтау және тәуекелді төмендету/болдырмау мақсатында тиісті шараларды әзірлеу мақсатында КАСС үшін жүргізеді. <p>КАСС-те кәдімгі операциялық процедураларды тоқтата тұрудың ықтимал сценарийіне жылдам ден қоюға әзірліктің тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Қызметтің үздіксіздігін басқару саясаты; ✓ Үздіксіздікті қамтамасыз ету және қызметті қалпына келтіру ережелері (бұдан әрі – Ережелер); ✓ Үздіксіздікті қамтамасыз ету және қызметті қалпына келтіру жоспары (Биржамен бірлескен) (бұдан әрі – Жоспар); ✓ Қызметті қалпына келтіру жоспары бекітілді. <p>КАСС жұмысын дағдарыстық жағдай тәртіптемесіне ауыстыру және Жоспарды жандандыру туралы шешім қызметтің аса маңызды түрлерін орындау процесін бұзуға немесе тоқтатуға әкеп соқтырған және қызметті қалпына келтірудің нысаналы уақыты ішінде күнделікті жұмыс істеу тәртіптемесі жағдайында оларды қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда қабылданады.</p> <p>КАСС қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету Саясаты, Ережелері және Жоспары, оның ішінде сыртқы факторларды (төтенше жағдайлардың жаңа түрлерінің пайда болуы) ескере отырып, сондай-ақ өткізілетін тестілеу нәтижелері, Биржамен бірлесіп істен шығу тұрақтылығы жүйесін және/немесе IT-инфрақұрылымын жетілдіру бойынша кезең-кезеңімен қайта қаралады және өзектендіріледі.</p> <p>Ережелерде стандартты емес жағдай және қызметті одан әрі қалпына келтіру кезінде КАСС және басқа да ҚНИ арасында ақпарат алмасу жүйесі көзделген.</p>
---	------------------	--

		<p>Жоспар қызметтің қалыпты барысы бұзылған кезде "қызыл" және "сары" аймақтарға жатқызылған қызмет түрлерін жүзеге асыратын KASE тобы қызметінің үздіксіздігін қалпына келтіру командасының және жұмыскерлерінің негізгі функцияларын белгілейді. Жоспардың мақсаттары KASE Тобының клиенттер алдындағы өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындау қабілетін қамтамасыз ету, қызметтің қалыпты барысы бұзылған жағдайларда материалдық және материалдық емес салдарларды азайту, KASE Тобының имиджі мен беделіне ықтимал теріс салдарларды барынша азайту болып табылады.</p> <p>Қызметті қалпына келтіру жоспары мемлекеттік қолдаусыз КАСС-тың қаржылық тұрақтылығын қалпына келтіру және қаржылық жағдай елеулі нашарлағаннан кейін қызметтің аса маңызды түрлерін орындауды жалғастыру мақсатында клирингілік қатысушылардың дефолтына байланысты да, сондай-ақ байланысты емес те дағдарысты жағдайлар кезінде қабылдануы қажет шараларды анықтайды.</p> <p>Қызметті қалпына келтіру жоспарының міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ әртүрлі сценарийлерде анықталған барлық тәуекелдерді жан-жақты және тиімді өңдеу; ✓ өтімділік дағдарысы қаупін ерте анықтау; ✓ мүдделі тараптардың мүдделерін сақтау; ✓ жағымсыз оқиғалардың ауқымына қарамастан, теріс салдарларды барынша азайту, дағдарыстық жағдайды шешуге кететін уақытты және КАСС жұмыс қабілеттілігін қалпына келтіруге арналған қаражатты барынша азайту болып табылады. <p>Тұтастай алғанда, кез келген жағдайларда КАСС сындарлы қызметтерді ұсынудың үздіксіздігін қамтамасыз ету мақсатында Клирингілік ережелерде сипатталған ОК қорғау деңгейлерінің жалпы құрылымы және жұмыс істеуі КАСС ішкі құжаттарымен реттелетін бизнестің үздіксіздігін басқару жүйесі құрылды.</p>
--	--	---

4. Кредиттік тәуекел

ҚНИ қатысушылар құратын өзінің кредиттік тәуекелдерін, сондай-ақ оның төлем, клиринг және есеп айырысу процестерін тиімді өлшеуді қамтамасыз етуге, мониторинг жүргізуге және басқаруға тиіс. ҚНИ қатысушылардың әрқайсысы жасайтын кредиттік тәуекелді толық көлемде және жоғары сенімділік дәрежесімен толық өтеу үшін жеткілікті қаржы ресурстарын қолдауға тиіс. Бұдан басқа, неғұрлым күрделі тәуекел-бейіні бар қызметті жүргізетін немесе бірнеше юрисдикцияда жүйе құрушы болып табылатын ОК екі ірі қатысушыда және аффилиирленген тұлғаларда төтенше, бірақ ықтимал нарықтық жағдайларда ОК-да неғұрлым жиынтықты кредиттік тәуекел тудыруға

қабілетті, бірақ дефолтпен шектелмейтін әлеуетті стрестік сценарийлердің кең спектрін жабу үшін жеткілікті қосымша қаржы ресурстарына ие болуы тиіс.

Барлық өзге ОК төтенше, бірақ ықтимал нарықтық жағдайларда ОК-ның неғұрлым жиынтық кредиттік тәуекелін тудыруы ықтимал қатысушылардың бірінің немесе оның аффилиирленген тұлғаларының дефолтын жабу үшін жеткілікті жалпы қаржы ресурстарын қолдауға тиіс.

Сәйкес келеді

Қағидаттың 3-критерийі қолданылмайды

1-критерий

ҚНИ оның қатысушылары құратын кредиттік тәуекелдерді, өзінің төлем, клиринг және есеп айырысу процестерінен туындаған кредиттік тәуекелдерді басқарудың сенімді құрылымын құруы тиіс. Кредиттік тәуекел ағымдағы тәуекелдерден, әлеуетті болашақ тәуекелдерден немесе бір мезгілде тәуекелдердің екі түрінен туындауы мүмкін

Сақталады

КАСС Клирингілік ережелеріне сәйкес клирингті жүзеге асыруға және КО қызметіне байланысты кредиттік тәуекелді төмендету мақсатында мынадай шаралар қабылдайды:

- ✓ клирингілік қатысушының қаржылық жағдайына талаптар қояды;
- ✓ клирингілік қатысушыларға қамтамасыз етуді енгізу туралы талаптар қояды;
- ✓ өтінім беру кезінде клирингілік қатысушыны қамтамасыз етудің жеткіліктілігіне алдын ала бақылауды жүзеге асырады;
- ✓ қамтамасыз ету құнын және клирингілік қатысушылардың позицияларын күн сайын қайта бағалауды және клирингілік қатысушыларды қамтамасыз етудің жеткіліктілігін бақылауды жүзеге асырады, жеткіліксіз болған жағдайда – КАСС клирингілік қатысушыларға қамтамасыз етуді енгізу туралы талап қояды (маржиналдық талап);
- ✓ кепілдік беру қорларын қалыптастырады;
- ✓ кепілдік беру қорларына жарналар ретінде ескерілетін бағалы қағаздар мен шетел валютасының құнын күн сайын қайта бағалауды күн сайыннан сиретпей жүзеге асырады;
- ✓ клирингілік қатысушылардың ішкі рейтингтеріне байланысты қамтамасыз етуді енгізуге талаптар қояды;
- ✓ өз жауапкершілігін шектейді.

Бұдан басқа, КАСС тұрақты түрде:

- ✓ клирингілік қатысушылардың қаржылық жағдайына қойылатын талаптарға сәйкестігі мониторингін;
- ✓ барлық контрагенттердің қаржылық жағдайын бағалауды;
- ✓ контрагенттерде қаражатты орналастыру шектелімдерін, сондай-ақ сауда шектелімдерін белгілеуді;

		<p>✓ контрагенттердің Биржа алдындағы өз міндеттемелерін орындау қабілетіне елеулі теріс әсер етуі мүмкін ішкі және сыртқы оқиғалар мен факторлардың мониторингін жүзеге асырады.</p> <p>КАСС кредиттік тәуекелді басқару жөніндегі тетіктерді, сондай-ақ тәуекелдер бейінін олардың:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ нарықтық жағдайдың өзгеруімен; ✓ реттеудегі өзгерістермен; ✓ жаңа өнімдерді енгізумен және жобаларды іске асырумен байланысты өзгеруіне қарай кезең сайын қайта қарайды. <p>КАСС мүшесінің қаржылық жай-күйінің мониторингі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қолданылатын заңнаманың талаптарына сәйкес КАСС мүшесінің пруденциалдық нормативтерді және/немесе мәні жағынан ұқсас өзге де нормативтерді немесе көрсеткіштерді орындауын тексеруді; 2) КАСС мүшесінің Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары болып табылатын КАСС мүшелері, сондай-ақ КАСС шетелдік мүшелері үшін клирингтік қатысушылар туралы қағидада белгіленген жарғылық және меншікті капиталдардың минималды мөлшеріне қойылатын талаптарды орындауын бақылауды; 3) КАСС мүшесінің қаржылық жай-күйін КАСС ішкі құжаттарына сәйкес бағалауды қамтиды. <p>КАСС мүшесінің заңнаманың және КАСС ішкі құжаттарының талаптарын сақтауын тексеруге:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) КАСС мүшесінің ақпаратты толық және уақтылы ашуын тексеру; 2) КАСС мүшесінің қаржылық жай-күйінің мониторингі; 3) КАСС мүшесінің тәуекелдерді басқару жүйесіне қойылатын талаптарды орындауын тексеру; 4) Биржа өткізетін сауда-саттыққа қатысу, сауда-саттық алдындағы және сауда-саттықтан кейінгі процедураларды және Биржа өткізетін сауда-саттыққа қатысу мен Биржаға мүшелікке байланысты КАСС құрылымдық бөлімшелері өз құзыретінің шеңберінде және КАСС ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асыратын өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыру кезінде КАСС мүшесінің Қазақстан Республикасы заңнамасының және КАСС ішкі құжаттарының талаптарын орындауын тексеру кіреді.
--	--	---

		<p>КАСС активтерін инвестициялау саясаты кредиттік және жүйелік тәуекелді төмендету мақсатында эмитенттерге/контрагенттерге құралдар мен шектелімдерді инвестициялауға арналған шектелімдерді көздейді.</p> <p>Қызметтің үздіксіздігін басқару саясаты клирингілік және есептік процестердің үздіксіздігін тексеру мақсатында қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету процедураларына тестілеу жүргізуді көздейді.</p> <p>Операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралар ретінде тәуекелдерді басқару саясаты, атап айтқанда:</p> <p>процестерді тиімді құру жеткіліксіздігі не ішкі ережелердің сақталуын бақылаудың әлсіздігі тәуекелі: ішкі құжаттарда қызметті жүзеге асыру тәртібін регламенттеу, КАСС ішкі құжаттарын және тәуекелдерді басқару бөлімшесімен жобалардың тәуекелдерін бағалау нәтижелерін келісу көзделген;</p> <p>КАСС қызметін регламенттейтін ішкі құжаттарда кемшіліктердің немесе қателердің болуы, ішкі құжаттардың заңнама талаптарына сәйкес келмеуі тәуекелімен: КАСС ішкі құжаттарында қызметті жүзеге асыру тәртібін регламенттеу, ішкі құжаттардың жобаларын КАСС заң және комплаенс бөлімшелерімен және тәуекелдерді басқару бөлімшелерімен келісу көзделген.</p>
<p><i>2-критерий</i></p> <p>ҚНИ кредиттік тәуекел көздерін анықтауы, кредиттік тәуекелдерді сандық бағалауды және мониторингін тұрақты түрде жүргізуі, осындай тәуекелдерді бақылау үшін тәуекелдерді басқарудың тиісті құралдарын пайдалануы тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>КАСС үшін кредиттік тәуекел көздері КАСС ішкі құжаттарында белгіленген процедуралар негізінде анықталады.</p> <p>КО үшін кредиттік тәуекелдің негізгі көздері:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ клирингілік қатысушылар және олардың өз міндеттемелері бойынша жауап беру қабілеті; ✓ уақытша бос ақша қаражатын орналастыру (инвестициялау) кезінде контрагенттер мен эмитенттер; ✓ есеп айырысу ұйымдары; ✓ КАСС тауарларын/қызметтерін жеткізушілер болып табылады. <p>КАСС клирингілік қатысушылардың кредиттік тәуекелдерін бақылаудың мынадай тетіктерін пайдаланады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ "төлемге қарсы жеткізу" немесе клирингілік қатысушылар тарапынан бағалы қағаздарды беруге кепілдік беретін алдын ала жеткізу қағидатын төлем жүзеге асырылғаннан кейін ғана қолдану;

		<ul style="list-style-type: none"> ✓ клиринглік қатысушылармен мәмілелер жасау алдында қамтамасыз етудің жеткіліктілігін алдын ала бақылау (pre-order validation); ✓ қаржы құралдары бойынша шектелімдер (тәуекел-параметрлер) белгілеу; ✓ мәмілелерді қамтамасыз етуге қойылатын талаптардың өзгеруі; ✓ тұрақты стрес- және бэк-тестілеу; ✓ барлық нарықтар бойынша клиринглік сақтық қорларды қалыптастыру. <p>Қолданылатын тетіктердің нәтижелілігі нақты шеккен шығындарға қатысты, сондай-ақ көптеген бэк- және стресс-тестілердің көмегімен өлшенеді.</p> <p>Уақытша бос ақша қаражатын орналастыру (инвестициялау) кезінде контрагенттер мен эмитенттердің, сондай-ақ КО есеп айырысу ұйымдарының кредиттік тәуекелі Активтерді инвестициялау саясаты белгілейтін шектелімдер арқылы реттеледі.</p> <p>ҚРҰБ еншілес ұйымы болып табылатын "Бағалы қағаздар орталық депозитарийі" АҚ (бұдан әрі – ОД) КАСС үшін бағалы қағаздар бойынша есеп айырысу ұйымы болып табылады. Рейтинг ҚР тәуелсіз рейтингіне теңестіріледі. КАСС активтерін инвестициялау саясаты сенімді контрагент ретінде ОД-ға шектелімдер көздейді.</p> <p>Екінші деңгейдегі банктер, шетелдік банктер, халықаралық қаржы ұйымдары ақша бойынша есеп айырысу ұйымдары бола алады. Есеп айырысу ұйымдарының әрқайсысы үшін Активтерді инвестициялау саясаты есеп айырысу ұйымының рейтингіне байланысты шектелімдерді көздейді</p>
<p><i>3-критерий</i></p> <p>Төлем жүйесі немесе БҚЕЖ кепілдікті қамтамасыз ету және өзге де осыған ұқсас қаржы ресурстарының көмегімен толық көлемде және жоғары сенімділік дәрежесімен қатысушылардың әрқайсысы тудыратын өзінің ағымдағы және олар болған кезде әлеуетті болашақ тәуекелдерін жабуға тиіс (Кепілдікті қамтамасыз ету туралы 5-қағидатты</p>	<p>Қолданылмайды</p>	<p>КАСС-қа қолданылмайды.</p> <p>КАСС төлем жүйесінің немесе БҚЕЖ функцияларын жүзеге асырмайды</p>

<p>қараңыз). Кейінге қалдырылған нетто-есеп айырысулары бар төлем жүйелері немесе есеп айырысу кепілдігі жоқ, бірақ қатысушылар өздерінің төлем, клиринг және есеп айырысу процестерімен құрылған кредиттік тәуекелдерге ұшырайтын кейінге қалдырылған нетто-есеп айырысулары бар БҚЕЖ жағдайында, ҚНИ кем дегенде екі қатысушы және олардың жүйеде неғұрлым жиынтық кредиттік тәуекелді туғызуға қабілетті аффилиирленген тұлғалары тарапынан тәуекелдерді жабу үшін жеткілікті ресурстарды қолдауға тиіс</p>		
<p><i>4-критерий</i> КО кепілдік депозиттерді және басқа да алдын ала төленген қаржы ресурстарын пайдалана отырып, қатысушылардың әрқайсысы құратын өзінің ағымдағы және әлеуетті болашақ тәуекелдерін толық көлемде және жоғары сенімділік дәрежесімен жабуға тиіс (Кепілдікті қамтамасыз ету туралы 5-қағидатты және Кепілдік жарна/депозит туралы 6-қағидатты қараңыз). Бұдан басқа, неғұрлым күрделі тәуекел бейіні бар қызметті жүргізетін немесе бірнеше юрисдикцияда жүйелі түрде маңызды болып табылатын ОК төтенше, бірақ ықтимал нарықтық жағдайларда ҚО-да жиынтық кредиттік тәуекел тудыруға қабілетті екі ірі қатысушыны және олардың аффилиирленген тұлғаларын қамтитын, бірақ міндеттемелерін орындамаумен шектелмейтін әлеуетті стресстік сценарийлердің кең спектрін жабу үшін жеткілікті қаржы ресурстарын қолдауға тиіс.</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Ішінара қамтамасыз ету шарттарында жасалатын мәмілелер бойынша ішінара қамтамасыз етумен клирингілік қатысушының міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету ретінде КАСС:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ клирингілік шоттарда ескерілетін мәмілелер және осындай клирингілік қатысушылардың берілген өтінімдері бойынша және белгілі бір биржалық нарықтар үшін Клирингілік ережелерде белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып есептелетін нетто-міндеттемелерді ішінара қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды; ✓ тиісті биржалық нарықта кепілдік жарнаны енгізуге қойылатын талаптарды белгілейді. <p>Толық жабу шартымен жасалатын мәмілелер бойынша ішінара қамтамасыз етумен клирингілік қатысушының міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету ретінде КАСС осындай мәмілелерді жасасу нәтижесінде пайда болатын қаржы құралдарында нетто-міндеттемелерді толық жабу бойынша талаптарды белгілейді.</p> <p>Толық жабылған клирингілік қатысушылардың міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде КАСС осындай клирингілік қатысушының барлық клирингілік шоттары бойынша нетто-міндеттемелерді толық жабуға қойылатын талаптарды белгілейді.</p> <p>Клирингілік қатысушы қамтамасыз етусіз қамтамасыз етуді ұсынбайды және кепілдік жарналарды төлемейді.</p>

<p>Барлық өзге де ОК төтенше, бірақ ықтимал нарықтық жағдайларда ОК-ның ең көп жиынтық кредиттік тәуекеліне әкелуі мүмкін бір қатысушыны және оның аффилиирленген тұлғаларын қамтуға тиіс, бірақ дефолтпен шектелмейтін әлеуетті стрестік сценарийлердің кең спектрін жабу үшін жеткілікті қосымша қаржы ресурстарын қолдауға тиіс.</p> <p>Барлық жағдайларда ОК өзі қолдайтын жиынтық қаржы ресурстарының шамасының негіздемесін құжатпен ресімдеуі және оларды басқарудың тиісті тетіктері болуы тиіс.</p>		<p>Ішінара қамтамасыз етілетін клирингілік қатысушы ОК-мен жасалған және есептелмеген мәмілелер, сондай-ақ ОК-мен мәмілелер жасауға берілген өтінімдер бойынша:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) қор нарығында ішінара қамтамасыз етумен мәмілелер жасалатын сауда-клирингілік шот бойынша қор нарығының ерекшеліктеріне сәйкес есептелген бірыңғай шектелімнің мәні теріс болмайтын мөлшерде; 2) валюта нарығында ішінара қамтамасыз етумен мәмілелер жасалатын сауда-клирингілік шот бойынша валюта нарығының ерекшеліктеріне сәйкес есептелген бірыңғай шектелімнің мәні теріс болмайтын мөлшерде; 3) деривативтер нарығында деривативтер нарығының ерекшеліктеріне сәйкес есептелген кепілдікті қамтамасыз ету мөлшерінде қамтамасыз етуді қалыптастыруға міндетті. <p>Белгілі бір биржалық нарықта ішінара қамтамасыз етумен мәмілелер бойынша қамтамасыз ету ретінде қабылданатын қаржы құралдарының тізбесі Қаржы құралдарын Т+ тізіміне және Т+ қамтамасыз ету тізіміне енгізу тәртібіне сәйкес белгіленетін Т+ қамтамасыз ету тізімімен анықталады.</p> <p>ОК қатысушымен жасалатын мәмілелер бойынша есеп айырысуды аяқтау кепілдігі көп жақты неттинг және клирингілік қатысушылардың орындалмаған нетто-міндеттемелерін реттеуге арналған дефолт-менеджменттің көп сатылы жүйесін құру негізінде есеп айырысу жүргізу есебінен беріледі.</p> <p>Стресс-сценарийлердің кең спектрін, оның ішінде екі ірі клирингілік қатысушының бір мезгілде дефолтын жабу үшін КАСС жоғарыда сипатталған қорғау жүйесін пайдаланады.</p> <p>КАСС әлеуетті стрестік сценарийлердің кең спектрін жабу үшін қаржы ресурстарының жеткіліктілігін:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ жылына кемінде бір рет жүзеге асырылатын клирингілік қорлардың жеткіліктілігін қайта қарау; ✓ кешенді стресс-тестілеу шеңберінде бағалайды.
<p><i>5-критерий</i></p> <p>ОК стресс-тестілеу өткізу арқылы төтенше, бірақ ықтимал нарықтық жағдайларда бір</p>	<p>Негізінен сақталады</p>	<p>КАСС тоқсан сайын тоқсанның екінші айының соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей қаржы құралдарының қамтамасыз ету тізімдеріне қабылдау талаптарына сәйкестігіне мониторингті жүзеге асырады.</p>

<p>немесе бірнеше қатысушы міндеттемелерін орындамаған жағдайда қол жетімді өзінің жиынтық қаржы ресурстарының көлемін үнемі анықтап отыруы және жеткіліктілігін тексеруі тиіс. ОК шешім қабылдайтын тиісті ОК органдары алдында стресс-тестілеу нәтижелері туралы есептіліктің нақты процедураларына ие болуы және алынған нәтижелерді өздерінің жиынтық қаржы ресурстарының барабарлығын бағалау және шамасын өзгерту үшін пайдалануы тиіс.</p> <p>Стресс-тестілеу стандартты және алдын ала белгіленген параметрлер мен жорамалдарды пайдалана отырып, күн сайын өткізілуі тиіс.</p> <p>Айына кемінде бір рет ОК ағымдағы және дамушы нарықтық жағдайларды ескере отырып, дефолттан қорғаудың талап етілетін деңгейін анықтау кезінде олардың сәйкестігін қамтамасыз ету үшін стресс-тестілеудің пайдаланылатын сценарийлеріне, модельдері мен базалық параметрлеріне жан-жақты және мұқият талдау жүргізуге тиіс.</p> <p>ОК стресс-тестілеуге мұндай талдауды клирингілік өнімдер немесе қызмет көрсетілетін нарықтар жоғары құбылмалылықты көрсеткен, өтімділігі төмен болған, сондай-ақ ОК қатысушылары позицияларының мөлшері немесе шоғырлануы едәуір өскен жағдайда жиі жүргізуге тиіс.</p> <p>ОК тәуекелін басқару моделін толық тексеру жылына кемінде бір рет жүргізілуі тиіс</p>		<p>Мониторинг нәтижелері бойынша нарықтық тәуекелдер бөлімшесі қаржы құралдарының талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды (бұдан әрі – Қорытынды) дайындайды және оны КАСС уәкілетті органдарының қарауына шығарады.</p> <p>Айрықша, бірақ ықтимал оқиғаларды іске асырған жағдайда (қаржы ресурстарын стресс-тестілеу) КАСС қызметінде туындайтын елеулі тәуекелдерді іске асырудан болатын шығындарды жабу үшін КАСС қаржы ресурстарының жеткіліктілігі:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ жиынтық шығындарды жабу үшін КАСС жиынтық қаржы ресурстарының жеткіліктілігін; ✓ кепілдік беру қорларының жеткіліктілігін қамтиды. <p>Жиынтық қаржы ресурстарының жеткіліктілігі жиынтық шығындарды өтеу коэффициентінің мәнімен анықталады, ол КАСС жиынтық қаржы ресурстарының көлемі мен жиынтық шығындардың жиынтық қаржы ресурстарының көлеміне қатынасын білдіреді.</p> <p>КАСС жиынтық қаржы ресурстары капитал мен клирингілік қорлардың (кепілдік және сақтық) сомасымен берілген.</p> <p>КАСС қызметінде туындайтын елеулі тәуекелдерді стресс-тестілеу сценарийлерін іске асыру кезіндегі жиынтық шығындар:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ жосықсыз клирингілік қатысушылардың позицияларын жабудан болатын шығындарды (ОК кредиттік тәуекелі); ✓ КАСС контрагенттерінің/облигациялар эмитенттерінің міндеттемелерді орындамауынан болатын шығындарын/(КАСС инвестициялық қызметінің кредиттік тәуекелі); ✓ нарықтық көрсеткіштердің қолайсыз өзгеруі кезінде КАСС активтері мен пассивтерін қайта бағалаудан болатын шығындарды (нарықтық тәуекел) қамтуы мүмкін. <p>Стресс-тестілеу нәтижелері бойынша КАСС басқару органдары Жарғыда және КАСС-тың өзге де құжаттарында анықталған өз құзыретіне қарай КАСС тәуекелдерін төмендетуге бағытталған шараларды қолданысқа енгізу туралы шешім қабылдай алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ жеке клирингілік қамтамасыз ету шамасының өзгеруі; ✓ кепілдікті қамтамасыз ету мөлшерін анықтау мақсатында тәуекел-факторларды анықтау тәсілі;
---	--	---

		<ul style="list-style-type: none"> ✓ кепілдік беру қорларына жарналар мөлшерін өзгерту/кепілдік беру қорына жарналар мөлшерін анықтау тәсілдерін қайта қарау; ✓ КАСС меншікті қаражатын (капиталын) ұлғайту; ✓ қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерінің өзгеруі; ✓ КАСС тәуекелдерін төмендетуге бағытталған өзге де шаралар. <p>Стресс-тестілеу сценарийлері тұрақты негізде талданады. КАСС Басқармасы стресс-тестілеу параметрлері мен алғышарттарының ағымдағы экономикалық жағдайларға сәйкестігін және тиімділігін кезең-кезеңмен тексереді.</p> <p>Күн сайынғы негізде КАСС қаржы құралдарының тәуекел-параметрлерін КАСС уәкілетті органдары белгілеген есептік мәндерге сәйкестігіне есептеуді жүргізеді. Қажет болған жағдайда, қаржы құралдары бойынша белгіленген тәуекел-параметрлерді Басқарма жанындағы КАСС алқалы органы қайта қарайды және бекітуге шығарады.</p> <p>Экстремалды, бірақ ықтимал нарықтық жағдайларға тұрақтылықты арттыру мақсатында КАСС қамтамасыз ету жөніндегі стандартты талаптарға қосымша қорғаныш қабаты ретінде стресске байланысты қамтамасыз ету тетігін қолданады. Стресс-тестілеу нәтижелері негізгі тәуекел-факторлардың (валюта бағамдары, кірістілік қисықтары, бағалар, құбылмалылық, өтімділік) өзгеруінің қолайсыз сценарийлері кезіндегі әлеуетті шығындар қатысушының стандартты есептік параметрлерімен және ағымдағы қамтамасыз етуімен қамтамасыз етілетін жабудан асып түсетінін көрсеткен жағдайларда стресс-тестілеу арқылы қамтамасыз ету қалыптасады.</p> <p>Стресске байланысты қамтамасыз етуді есептеу тарату көкжиегін (дефолттық қатысушының позицияларын хеджирлеу/жабу үшін қажетті уақыт), сондай-ақ мәжбүрлеп тарату кезеңінде өтімділіктің ықтимал нашарлауын ескеретін алдын ала анықталған стресс-сценарийлер мен жорамалдар жиынтығы негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>Стресске байланысты қамтамасыз етуді КАСС портфельді жоюдың нарықтық тәуекелін және шоғырлану тәуекелін басқарудың алдын алу шарасы ретінде пайдаланады; стресске байланысты қамтамасыз етудің параметрлері мен есептеу тәртібі стресс-тестілеу және тәуекел-параметрлерді қайта қарау процедуралары шеңберінде тұрақты</p>
--	--	---

		<p>тексеруге жатады, сондай-ақ тиісті нарықта құбылмалылықтың өсуі және/немесе өтімділіктің төмендеуі кезінде жедел түзетілуі мүмкін.</p> <p>КАСС тәуекелдерді басқару Саясаты мен Ережелеріне сәйкес тәуекелдерді басқару бөлімшесі тоқсан сайын кредиттік, нарықтық, жүйелік тәуекелдерді, сондай-ақ өтімділікті жоғалту тәуекелін стресс-тестілеуді КАСС айрықша, бірақ ықтимал тәуекелді оқиғалардың әлеуетті әсерін бағалау мақсатында жүргізеді.</p> <p>Тәуекелдерді басқару ережелеріне сәйкес КАСС-та қолданылатын стресс-тестинг моделін толық тексеруді тәуекелдерді басқару бөлімшесі жылына кемінде бір рет тәуекелдерді басқару бөлімшесіне жетекшілік ететін Басқарма мүшесіне тексеру нәтижелерін ұсына отырып жүргізеді</p>
<p><i>6-критерий</i></p> <p>Стресс-тестілеуді өткізу кезінде ОК дефолтқа жол берген қатысушылар тұрғысынан да, тарату кезеңдеріндегі ықтимал баға өзгерістері тұрғысынан да тиісті стресс-сценарийлердің кең спектрінің салдарын ескеруі тиіс. Сценарийлер бағалардың тарихи құбылмалылығының ең жоғары мәндерін, бағалық детерминанттар мен кірістілік қисықтары сияқты басқа нарықтық факторлардың өзгерістерін, уақыттың әртүрлі кезеңдерінде дефолттың көптеген жағдайларын, қаржы және активтер нарықтарындағы бір мезгілдегі қысымды, сондай-ақ әртүрлі экстремалды, бірақ ықтимал нарықтық жағдайлардағы бірқатар перспективалық стресс-сценарийлерді ескеруі тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Стресс-тестілеудің көптеген жол берілетін болжамды сценарийлерін қалыптастыру үшін ОК тәуекел-факторлардың экстремалды тарихи өзгерістерін есепке алады, содан кейін ағымдағы экономикалық жағдайды (қажет болған жағдайда) ескере отырып, оларды түзету үшін сараптамалық пайымдауды қолданады.</p> <p>ОК стресс-тестілеу сценарийлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ жоғарыда сипатталған ережелерге сәйкес анықталатын негізгі тәуекел-факторлардың (валюта бағамдары, акциялар индекстері, кірістілік қисықтары, баға құбылмалылығы) төтенше өзгерістерін; ✓ клирингілік қатысушылардың/облигациялар эмитенттерінің/контрагенттерінің дефолттарын (екі ірі қатысушының дефолтын және екі ірі контрагенттің/КАСС инвестициялық портфелі облигацияларының эмитенттерінің дефолтын қоса алғанда); ✓ ақша қаражаты нысанында орналастырылған кепілдік қамтамасыз ету қаражатының әкетілуі нәтижесінде өтімділіктің қысылуын (өтімділікті стресс-тестілеу үшін); жекелеген тәуекел-факторларға сезімталдықты талдауды қамтиды. <p>Көрсетілген стресс-сценарийлер жиынтық қаржы ресурстарының жеткіліктілігін бағалау үшін ғана емес, сондай-ақ позицияларды жою және нарықтық өтімділіктің уақытша нашарлауы кезеңінде қолайсыз баға қозғалыстары жағдайына қосымша буфер ретінде қызмет ететін стресспен қамтамасыз ету қажеттілігін анықтау үшін де пайдаланылады.</p>

		<p>КАСС Клирингілік ережелерінде кез келген клирингілік қатысушының дефолты нәтижесінде залалдарды жабуға мүмкіндік беретін қаржы ресурстарының құрылымы көзделген.</p> <p>Егер бұл қаржы ресурстары қатысушының дефолтының нәтижесінде залалдарды жабу үшін жеткіліксіз болса, Клирингілік ережелер залалды және жосықсыз қатысушының позицияларын жосықсыз қатысушының позицияларына қарама-қарсы келетін жосықсыз қатысушылардың арасында бөлуге мүмкіндік береді.</p> <p>Адал клирингілік қатысушылардың талаптарын орындау үшін КАСС мынадай реттілікпен іс-қимылдарды жүзеге асырады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ бос ақша қаражатын/бағалы қағаздарды пайдаланады; ✓ бос ақша қаражаты/бағалы қағаздар жеткіліксіз болған жағдайда жетіспейтін активті алу үшін своп мәмілелерін жасасады; ✓ бағалы қағаздар/ақша қаражаты жетіспеген жағдайда РЕПО мәмілелерін жасасады. <p>Клирингілік ережелерде көзделген процедуралар, оның ішінде позицияларды мәжбүрлеп жабу процедурасы өтімділікті жеткізушілер (клирингтің адал қатысушылары) алдындағы міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді.</p> <p>Барлық нарықтардың Клирингілік ережелерде клирингілік қатысушы КАСС-тен хабарлама алғаннан кейін жарналарды пайдаланған жағдайда кепілдік беру қорының қаражатын өтеу көзделген.</p> <p>Бұдан басқа, қызметтің үздіксіздігін және қалпына келтіруді қамтамасыз ету үшін капиталдың қызмет көрсетудің үздіксіздігіне қауіп төндіретін деңгейге дейін төмендеуі (КАСС меншікті қаражатының (капиталының) жеткіліктілігі коэффициенттерінің ең аз мәндеріне жақындау) жағдайында ОК іс-қимылы көзделген (Келісу процесіндегі жоспар)</p>
<p><i>7-критерий</i></p> <p>ҚНИ өзінің қатысушыларының ҚНИ алдындағы міндеттемелеріне қатысты жеке немесе жиынтық дефолтының нәтижесінде ол көтеретін кредиттік шығындарды толық жабудың нақты ережелері мен процедураларын белгілеуге тиіс. Бұл ережелер мен процедуралар ҚНИ өтімділікті жеткізушілерден қарыз алған</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелері шеңберінде КАСС өзіне ОК функциясын ала отырып, дефолтты жабу үшін қамтамасыз ету пулының құрамына кіретін дефолт болған биржалық нарықтың клирингілік қорлары мөлшерінде өз жауапкершілігін шектеуді ескере отырып, әрбір адал клирингілік қатысушы алдындағы нетто-міндеттемелердің орындалуына кепілдік береді. Міндеттемелерін орындау үшін клирингілік қорлардың қаражаты пайдаланылған дәрменсіз клирингілік қатысушы оларды Клирингілік ережелерде белгіленген шарттармен және тәртіппен толық көлемде өтеуге міндетті.</p>

<p>кідіртуді болдырмаудың мақсаты болуға тиіс. Бұдан басқа, ережелер мен процедуралар сенімді және тиімді жұмыс істеуді жалғастыру үшін стресстік оқиға кезінде тартылған кез келген өтімділік ресурстарын ҚНИ-дың орнын толтыру процесін анықтауға тиіс</p>		<p>міндеттемелерін орындауды ауыстыру клирингілік қызметті жүзеге асыру үшін шоттарда орналастырылған ОК активтері есебінен жүзеге асырылады.</p> <p>Клирингілік қатысушыларды қалыптастырылатын қамтамасыз ету, сондай-ақ кепілдік беру қорына жарналар және өзге де қамтамасыз ету ОК клирингінің процедураларына/тәртібіне және өзге де ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес "waterfall" қағидаты бойынша клирингілік қатысушының дефолтын реттеу процедураларын жүргізу кезінде пайдаланылады</p>
<p>8. Есеп айырысудың аяқталуы</p> <p><i>ҚНИ кем дегенде валюталау күні аяқталғанға дейін есеп айырысулардың толық және дұрыс аяқталуын қамтамасыз етуге тиіс. Қажет немесе орынды болған жағдайда, ҚНИ операциялық күн ішінде немесе нақты уақыт тәртіптемесінде түпкілікті есептеуді қамтамасыз етуге тиіс.</i></p> <p>Сәйкес келеді</p>		
<p><i>1-критерий</i></p> <p>ҚНИ ережелері мен процедуралары есептеулер түпкілікті болған сәтті дәл анықтауы тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Қазақстанның қаржы жүйесіндегі төлемдердің түпкілікті болуы төлем жүйелерін, клирингілік сессиялар мен тіркеу процестерін реттейтін заңнамалық актілер мен ережелердің үйлесіміне негізделген. Төлемдердің түпкілікті болуы "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен анықталады және реттеледі, оған сәйкес пайдасына төлем жүргізілген төлем жүйесінің шотына ақша қаражаты есептелгеннен кейін төлем аяқталды деп есептеледі. Түпкілікті уақыты мен орны төлем жүйесінің жүйелік маңызы бар операторында нақты уақыт тәртіптемесінде белгіленеді.</p> <p>Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 155-бабында, егер заңнама актілерінде өзгеше көзделмесе, мәмілелер тіркелген сәттен бастап жасалған деп есептеледі, ал "Бағалы қағаздар нарығы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабында эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде немесе орталық тіркеуші ретінде ОД ұстаушылар тізілімдер жүйесінде жүзеге асырылатыны сипатталады. Жиынтығында бұл қағидалар түпкілікті қамтамасыз етудегі маңызды қадам ретінде тіркеу процесі арқылы эмиссиялық бағалы қағаздарға меншік құқығын заңды түрде беру үшін негіз қалыптастырады, ал тіркеуден бас тарту заң талаптарының бұзылуына ғана негізделуі мүмкін.</p>

		<p>КАСС күніне екі клирингілік сессия өткізеді, оның барысында таза міндеттемелер есептеледі және қатысушылардың есеп айырысу үшін қаржы құралдарын ұсыну үшін белгіленген мерзімі бар.</p> <p>Есеп айырысу КАСС нұсқаулықтарына сәйкес бағалы қағаздарды ОД-ға ауыстыру және КАСС жүйесінде ақшалай есеп айырысуды жүргізу жолымен аяқталады. Әрбір сессиядан кейін қатысушыларға растайтын есептер жіберіледі.</p> <p>Төлем, аудару туралы тапсырма немесе басқа міндеттеме бойынша есеп айырысу есеп айырысу ұйымының корреспонденттік шотына қаражат түскен сәтте түпкілікті болып есептеледі. Ақша бойынша қорытынды нетто-талаптарды/нетто-міндеттемелерді орындау Регламентте белгіленген есеп айырысу-клирингілік сессияның аяқталу уақытынан кешіктірілмей, клирингілік қатысушыларға КАСС ішкі есепке алу жүйесінде ашылған қамтамасыз ету шоттары бойынша, KASE бөлімдері бойынша бағалы қағаздар бойынша жүзеге асырылады.</p> <p>Көрсетілген процедура КАСС интернет-ресурсында орналастырылған Клирингілік ережелерде анықталған.</p> <p>Клиринг қорытындылары бойынша міндеттемелерді орындау тәртібі орындалуға жататын міндеттемелер клиринг пулына енгізілетінін және клиринг сессиясының нәтижелері бойынша тоқтатылатынын белгілейтін КАСС-тың Клирингілік ережелерінде қамтылады.</p> <p>Қор нарығында орталық контрагентпен мәмілелер бойынша ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру ережелерінде клирингке қатысушылардың түпкілікті талаптары мен міндеттемелері әрбір клирингілік сессияның соңында есептеледі және күн соңында қосылады деп белгіленген.</p> <p>Клирингілік қатысушылар мен КАСС арасындағы клирингілік және есеп айырысу қызметтерін көрсету туралы шарттар қазақстандық юрисдикцияда жасалады, қолданылатын заңнама Қазақстан Республикасының заңнамасы болып табылады.</p> <p>КАСС өзге юрисдикцияларда клирингіті жүзеге асырмайды. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес клирингке жіберілген міндеттемелерді орындау (тоқтату) үшін қажетті мүлікке қатысты сауда және клиринг шоттары бойынша операцияларды тоқтата тұруға жол</p>
--	--	---

		<p>берілмейді. Осы бапта белгіленген ережелер қазақстандық және шетелдік ұйымдарға қатысты қолданылады.</p> <p>Алайда, негізінде Қазақстан Республикасының юрисдикциясынан тыс шетелдік банктерде (есеп айырысу ұйымдарында) КАСС шоттары ашылған шарттық қатынастарға, егер КАСС пен шетелдік банк арасындағы шарт өзгеше білдірмесе, шет мемлекеттің заңдары қолданылады.</p> <p>ОД мен Есеп айырысу палатасы Клирингілік палатаға есеп айырысуды жүргізу туралы есептер/хабарламалар жібереді. Міндеттемелер ОД мен Есеп айырысу палатасындағы міндеттемелер аяқталғаннан кейін аяқталады.</p> <p>КАСС ішкі құжаттарында қор нарығындағы клиринг нәтижелері бойынша есеп айырысу түпкілікті басталған сәт нақты анықталған.</p> <p>Бағалы қағаздар бойынша есеп айырысудың түпкілікті болуы қаржы құралдарымен мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруға арналған КАСС бұйрығын ОД орындағаннан кейін басталады. Ақшалай есеп айырысудың түпкіліктілігі КАСС корреспондент банктері арқылы төлем міндеттемелеріне бастамашылық етудің және орындаудың белгіленген процедурасына сәйкес анықталады.</p> <p>КАСС ережелері клирингілік пулға енгізілген мәмілелер қайтарып алынбайтын және орындалуға міндетті болып табылатынын тікелей белгілейді.</p> <p>Осылайша, КАСС нормативтік базасы 8-қағидаттың 1 және 3-критерийлеріне сәйкес есеп айырысулардың аяқталу сәтін және міндеттемелердің қайтарып алынбайтын сәтін біржақты анықтайды, бұл заңды анықтылықты және есептік тәуекелді шектеуді қамтамасыз етеді.</p>
<p><i>2-критерий</i> ҚНИ түпкілікті есептеулерді валюталау күнінің аяқталуынан кешіктірмей, операциялық күн ішінде немесе нақты уақыт тәртіптемесінде есеп айырысу тәуекелін төмендету үшін жүргізуі тиіс. Ірі төлемдер жүйесі (ІТЖ) немесе БҚЕЖ есеп айырысу күні ішінде нақты уақыт немесе</p>	<p>Сақталады</p>	<p>КАСС және ОД уақыттық регламенттері есеп айырысуды аяқтау валюталау күні болатындай етіп әзірленген.</p> <p>Клирингілік сессиялар әрбір жұмыс күні өткізіледі. КАСС клирингтің адал қатысушылары үшін уақтылы есеп айырысуларды жүргізу үшін барлық күш-жігерін салады.</p> <p>Клирингілік қатысушыларды хабардар ету клирингілік сессияның қорытындылары бойынша есептерді ұсыну жолымен жүргізіледі.</p> <p>КАСС ережелеріне сәйкес:</p>

<p>көп кезеңді өңдеу тәртіптемесінде жалпы есеп айырысу жүйесін пайдалану мүмкіндігін қарастыруы тиіс</p>		<p>1) қор нарығының мәмілелері бойынша гросс-негіздегі есеп айырысулар нақты уақыт тәртіптемесінде жүргізіледі, нетто-негіздегі есеп айырысулар әрбір клирингтік сессияның қорытындылары бойынша күніне 2 рет жүргізіледі;</p> <p>2) валюта нарығының мәмілелері бойынша есеп айырысулар әрбір клирингтік сессияның қорытындылары бойынша жүргізіледі;</p> <p>3) деривативтер нарығында есеп айырысулар клирингтік сессия барысында жүргізіледі.</p> <p>Барлық нарықтар (валюталық, қор, деривативтер) бойынша клиринг және есеп айырысу жүргізу регламенті КАСС ішкі құжаттарында: Орталық контрагентпен мәмілелер бойынша клирингтік сессиялар өткізу регламентінде нақты жазылған</p>
<p><i>3-критерий</i> ҚНИ реттелмеген төлемдерді, аударым туралы тапсырмаларды немесе басқа да міндеттемелерді қатысушы кері қайтарып ала алмайтын сәтті дәл анықтауға тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Клирингтік қатысушылардың қамтамасыз етуді ауыстыру туралы өтініштерін кері қайтарып алу әрбір нарықта мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асыруды реттейтін ішкі құжаттармен реттеледі, ол осы өтініштерді КАСС өзінің қызмет көрсететін банкіне жібергеннен кейін кері қайтарып алудың мүмкін еместігін көздейді.</p>
<p>9. Ақшалай есеп айырысу <i>ҚНИ орынды және мүмкін болған жағдайларда орталық банктің қаражатымен ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыруға тиіс. Орталық банктің қаражаты пайдаланылмаған жағдайда, ҚНИ кредиттік тәуекелді және коммерциялық банктердің қаражатын пайдалану салдарынан туындайтын өтімділік тәуекелін барынша азайтуға және қатаң бақылауға тиіс.</i></p> <p>Сәйкес келеді</p>		
<p><i>1-критерий</i> ҚНИ кредиттік тәуекелдерді және өтімділік тәуекелдерін болдырмау үшін орынды және мүмкін болған жағдайларда орталық банктің қаражатымен ақшалай есеп айырысуды жүргізуге тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында КАСС кепілдік жарналарды сақтауды және клирингтік қатысушыларды Ұлттық Банктегі, Орталық депозитарийдегі және өзге де қызмет көрсететін банктердегі теңгедегі және шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарда қамтамасыз етуді жүзеге асырады.</p> <p>Бұл ретте КАСС-тың Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттары КАСС-тың сақтық банктік шоттары болып табылады және КАСС-тың есеп айырысу міндеттемелерін орындау және коммерциялық қызмет көрсететін банктер арқылы есеп айырысуды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда нарықтардағы дефолтты болдырмау мақсатында мәмілелер бойынша есеп айырысуларды жүргізу үшін тартылуы мүмкін.</p>

		Шетелдік валютада есеп айырысуды жүзеге асыру үшін КАСС шетелдік банктердегі, Орталық депозитарийдегі және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі өзінің банктік шоттарын пайдаланады. Көрсетілген банктерге ішкі құжатта – КАСС корреспондент банктерін шолу және мониторингтеу тәртібінде анықталған талаптар қолданылады
<p><i>2-критерий</i></p> <p>Егер орталық банктің қаражаты пайдаланылмайтын болса, ҚНИ тәуекелсіз активтерді немесе төмен кредиттік тәуекелі және өтімділік тәуекелі бар есептік активтерді пайдалана отырып ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыруға тиіс</p>	Сақталады	<p>КАСС өзінің клирингілік қатысушыларына клирингілік процестерге байланысты төлем міндеттемелерін орындауды жеңілдету үшін валюталардың кең спектріне рұқсат береді. Бұл үшін КАСС Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен, Орталық депозитариймен және коммерциялық банктермен корреспонденттік қатынастар орнатты. АҚШ долларын, еуроны, рубльді және юанды қоса алғанда, шетелдік валюталар үшін КАСС әлеуетті тәуекелдерді барынша азайту үшін әрбір валюта бойынша кем дегенде екі корреспондент банктермен қарым-қатынас жасайды. КАСС әрбір коммерциялық банк өңдей алатын ақша қаражатының сомасына шектелімдер белгілейді. Осы шектелімге қол жеткізілгеннен кейін есеп айырысулар баламалы банкке қайта жіберіледі. Бұл шектелімдер тәуекелдерді басқару саясатында анықталған және Қазынашылық бақылайды.</p> <p>Коммерциялық банктермен байланысты кез келген қалған кредиттік және өтімді тәуекелдерді төмендету үшін КАСС тәуекелдерді басқарудың сенімді ішкі жүйесін пайдаланады. Бұл банктердің кредиттік рейтингтерінің мониторингін және әрбір банктің тұрақтылығын және оның КАСС белгіленген критерийлерге сәйкестігін бағалау үшін тәуекелдерді тоқсан сайын бағалауды жүргізуді қамтиды. Банктің кредиттік сапасы кенеттен нашарлаған жағдайда КАСС банк қатынастарын қайта қарауы немесе шектелімін азайтуы/алып тастауы мүмкін.</p> <p>Бұдан басқа, КАСС аудиторлық және тоқсан сайынғы есептер арқылы коммерциялық банктер қызметінің сапалық және сандық факторларын да бағалайды. Мұндай кешенді тәсіл КАСС-ке корреспондент банктермен қарым-қатынасты тиімді басқаруға және өзінің клирингілік қатысушылары үшін тұрақты және сенімді есеп айырысу процесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.</p>

		<p>Шетелдік есеп айырысу банктерін таңдау кезінде ұлттық (орталық) банктерге немесе ірі коммерциялық банктерге, сондай-ақ ұлттық (орталық) банктер ұсынған банктерге артықшылық беріледі. Есеп айырысу банктерінің тізімі КАСС интернет-ресурсында (www.kacc.kz) ашылады</p>
<p><i>3-критерий</i></p> <p>Егер ҚНИ коммерциялық банк қаражатында есеп айырысулар жүргізсе, ол өзінің кредиттік тәуекелін және коммерциялық есеп айырысу банктерімен өзара іс-қимыл кезінде құрылатын өтімділік тәуекелін мониторингтеуге, басқаруға және шектеуге тиіс. Атап айтқанда, ҚНИ есеп айырысу банктеріне қолданылатын, өзгелермен қатар, олардың қызметін реттеу және қадағалау тәртібіне, кредиттік қабілеттілікке, капиталдандыруға, өтімділікке қол жеткізуге және операциялық сенімділікке жататын қатаң өлшемдердің сақталуына мониторинг белгілеуге және жүргізуге тиіс. ҚНИ сонымен қатар кредиттік тәуекелдің және коммерциялық есеп айырысу банктері тарапынан ұшырайтын өтімділік тәуекелінің шоғырлануына мониторинг жүргізуге және оны басқаруға тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>КАСС банктің тұрақтылығы туралы және банктің КАСС белгіленген критерийлерге сәйкес келетіні туралы тәуекелдерді басқару бөлімінің тоқсан сайынғы есебін қамтитын корреспондент банктердің кредиттік қабілеттілігіне ішкі бағалау жүргізеді. Агенттің кредиттік сапасының кенеттен өзгеруі қатынастарды қайта бағалауға және/немесе оның шектелімін төмендетуге немесе жоюға әкеп соғуы мүмкін.</p> <p>Клирингілік процестердің тиімді жұмыс істеуі үшін КАСС-тың коммерциялық банктерге тәуелділігін ескере отырып, КАСС осы банктерді бағалаудың өзіндік критерийлерін әзірледі. Бұл критерийлер банктерді жұмыс басталғанға дейін бағалау үшін, содан кейін талаптарға тұрақты сәйкестікті қамтамасыз ету үшін тұрақты негізде пайдаланылады. Осы критерий ұйым қызметінің мынадай аспектілерін бағалайды: қаржы жағдайының тұрақтылығы және іскерлік беделі, ұлттық және жаһандық қаржы жүйелерінде тану және танымалдылық, банктік лицензияның болуы, дамыған клирингілік инфрақұрылымның болуы және есеп айырысу операцияларының ауқымды тәжірибесі, кепілдендірілген және қауіпсіз есептеулер, тәуекелдердің төмен деңгейі, клирингке қатысушылар үшін ашылған корреспонденттік шоттардың неғұрлым көп саны, қаржылық бағалау, нақты уақыт тәртіптемесінде кері байланыстың болуы және ұзақ мерзімді кредиттік рейтинг.</p> <p>КАСС өтімді позициясын жедел бақылауды:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ операциялық күннің басындағы КАСС өтімді позициясы туралы деректер, яғни ағымдағы күннің таңындағы валюталардың негізгі түрлері бойынша ностро-шоттардағы қалдықтар; ✓ клирингілік қатысушы клиенттердің қаражатын есепке алу/есептен шығару сальдосының болжамды көлемі туралы деректер; ✓ бағалы қағаздарды сатып алу/сату бойынша төлемдер туралы деректер;

		<ul style="list-style-type: none"> ✓ болжамды меншікті конверсиялық операциялар туралы деректер; ✓ әкімшілік-шаруашылық операцияларға ақы төлеуге байланысты жекелеген төлемдер туралы деректер; ✓ өтімді позицияға әсер ететін басқа да операциялар туралы деректер негізінде жүзеге асырылады. <p>Тәуекелдерді басқару бөлімі Қаржы құралдары бойынша дефолт ықтималдығын анықтау және есептеу әдістемесіне сәйкес кредиттік тәуекелдерді анықтау мәніне корреспондент банктерге талдау жүргізеді</p> <p>Өтімділікті жедел талдау және бақылау Биржада операциялар жүргізілетін жекелеген валюталар бойынша жүргізіледі.</p> <p>Қалыпты нарықтық конъюнктура жағдайында жедел өтімділік тапшылығы жағдайында мынадай іс-шаралар жүргізіледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ нарыққа қажетті қаражат көлемін тарту, оның ішінде СВОП мәмілелері; ✓ талап етілетін көлемде шетел валютасын сатып алу/сату операцияларын жүзеге асыру; ✓ бағалы қағаздар портфельдерінің қысқаруы, РЕПО операцияларын жүргізу; ✓ төлемдердің басымдығын анықтау. <p>КАСС перспективалық өтімділігіне талдау және бағалау тұрақты жүргізіледі, ол мыналарды қамтиды:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ GAP-талдау көмегімен барлық уақыт көкжиектеріндегі перспективалық өтімділікті талдау, оның ішінде активтерді өткізудің, міндеттемелерді өтеу мен талап етудің нақты мерзімдеріне сәйкес ақша қаражаты ағындарын болжау; ✓ өтімділіктің артығын/тапшылығын анықтауды қоса алғанда, КАСС-тың өтімді құралдарға ұтымды қажеттілігін анықтау; ✓ өтімділіктің артық/тапшылығы коэффициенттерінің көмегімен перспективалық өтімділікті талдау; ✓ КАСС активтері мен пассивтерінің құрылымы мен шоғырлануын, талаптардың (әсіресе мерзімі өткен) және міндеттемелердің (әсіресе мерзімінен бұрын ұсыну қатері болған кезде) жай-күйін талдау.
--	--	---

		<p>Перспективалық өтімділік тәуекелін бағалау және мониторингі Биржамен операциялар жүргізілетін барлық негізгі валюталар бөлінісінде жүргізіледі.</p> <p>Барлық есеп айырысу банктері үшін ықтимал төлем қабілетсіздігі белгілерін анықтау мәніне қаржылық жағдайды бағалау тұрақты түрде жүзеге асырылады. Есеп айырысу банктері ретінде неғұрлым сенімді банктер әрекет етеді.</p> <p>Бұдан басқа, КАСС шоғырлану тәуекелінің тұрақты мониторингін жүзеге асырады. Шоғырланудың белгілі бір деңгейінен асқан жағдайда есеп айырысуларға қатыспаған өтімділіктің артығы басқа банктерге аударылады.</p> <p>Бұл ретте КАСС өзінің корреспонденттік желісін есеп айырысу функцияларын әлеуетті түрде орындай алатын банктер есебінен әртараптандыруға ұмтылады.</p> <p>КАСС қаржы құралдары бойынша дефолт ықтималдығын есептеу әдістемесіне сәйкес ЕДБ бойынша дефолт ықтималдығын есептеу ай сайын жүзеге асырылады, бейрезидент банктер және өзге де ұйымдар бойынша, оның ішінде мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша дефолт ықтималдығын есептеу тоқсанына кемінде бір рет жүзеге асырылады. Контрагенттің/эмитенттің төлем қабілетсіздігі тәуекелінің жоғарылағаны туралы және/немесе қаржы құралының өтімділігінің төмендегені туралы куәландыратын контрагенттер/бағалы қағаздардың эмитенттері бойынша теріс ақпарат анықталған кезде ақпарат Инвестициялық комитеттің мүшелеріне дереу жеткізіледі.</p>
<p><i>4-критерий</i></p> <p>Егер ҚНИ өз кітаптары бойынша ақшалай есеп айырысуды жүзеге асырса, ол өзінің кредиттік тәуекелдерін және өтімділік тәуекелдерін барынша азайтуға және қатаң бақылауға тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>КАСС кредиттік тәуекелді және өтімділік тәуекелін 9-қағидатта сипатталғандай азайтады. КО өз ақшасының есебін клирингілік қатысушылардан олардың міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету үшін алынған ақшадан, сондай-ақ Орталық контрагенттің тәуекелдерін жабу үшін резервке қойылған ақшадан бөлек жүргізеді</p> <p>Орталық контрагент ретінде КАСС осы есеп айырысуларды жүзеге асыруға тән кредиттік және өтімді тәуекелдерді мұқият бағалауға міндетті. Осы мақсатта КАСС күн сайын Value-at-Risk (VAR) тәсілін, стресс-тестілерді, кредиттік рейтингтеудің өзінің ішкі әдіснамасын, сондай-ақ әлеуетті тәуекелдерді жан-жақты бағалауды қамтамасыз ету үшін әзірленген басқа да сандық тәсілдерді қоса алғанда, тетіктердің көп қырлы жиынтығын пайдаланады.</p>

		Сонымен қатар, орталық контрагент күтпеген жағдайлардан қорғаудың қосымша деңгейін қамтамасыз ете отырып, қосымша сақтық және есеп айырысу қорларын қолдайды.
<p><i>5-критерий</i></p> <p>Кез келген есеп айырысу банктерімен ҚНИ-дың заңдық келісімдері нақты жекелеген есеп айырысу банктерінің кітаптары бойынша аударымдарды жүргізу кезінде аударымдар түпкілікті болатынын, алынған қаражаттың мүмкіндігінше барынша қысқа мерзімде, кем дегенде күннің соңына дейін, ал мінсіз жағдайда – операциялық күн ішінде аударылуы тиіс, бұл ҚНИ-ға және оның қатысушыларына кредиттік тәуекелдерді және өтімділік тәуекелдерін басқаруға мүмкіндік береді</p>	Сақталады	<p>КАСС тиісті юрисдикциялардың қолданылып жүрген заңдарына толық сәйкес келетін жан-жақты құқықтық келісімдер арқылы өзінің есеп айырысу банктерімен ынтымақтастық үшін мықты негіз жасады.</p> <p>Есеп айырысу банктерімен корреспонденттік шот шарттары (немесе бейрезидент банктер жағдайында – шоттарды жүргізу шарттары) корреспонденттік шотқа ақша қаражатын есептен шығарудың/есептеудің шекті уақытын "ағымдағы жұмыс күні" валюталау күнімен белгілейді, аударымдар олар орындалған кезде түпкілікті болады және банк оның корреспонденттік шотындағы ақша қаражатына оларды көрсетілген шотқа есептеген сәттен бастап билік ете алады.</p> <p>Оның үстіне, келісімдер аудару жүзеге асырылғаннан кейін ол түпкілікті және қайтарымсыз болып есептелетінін тікелей растайды. Келісімдер сонымен қатар КАСС алған кез келген қаражаттың толығымен аударылатынына кепілдік береді, бұл қаражаттың нақты уақыт тәртіптемесінде үздіксіз қозғалысын қамтамасыз етеді.</p> <p>Корреспонденттік шоттар бойынша есеп айырысулар тиісті корреспондент банктің барлық операциялық күні ішінде жүзеге асырылады</p>
<p>10. Нақты жеткізу</p> <p><i>ҚНИ нақты құралдарды немесе тауарларды жеткізуге қатысты өз міндеттемелерін нақты анықтауы, сондай-ақ нақты жеткізумен байланысты тәуекелдерді ашуы, бақылауы және басқаруы тиіс.</i></p> <p>Қолданылмайды.</p>		
<p><i>1-критерий</i></p> <p>ҚНИ ережелері физикалық құралдарды немесе тауарларды жеткізуге қатысты оның міндеттемелерін дәл анықтауы тиіс</p>	Сақталады	Қолданылмайды. Барлық қаржы құралдары құжатсыз нысанда шығарылады
<p><i>2-критерий</i></p>	Сақталады	Қолданылмайды. Барлық қаржы құралдары құжатсыз нысанда шығарылады

<p>ҚНИ физикалық құралдарды немесе тауарларды сақтауға және іс жүзінде жеткізуге байланысты тәуекелдер мен шығындарды анықтауға, мониторингтеуге және басқаруға тиіс</p>		
<p>11. Бағалы қағаздардың орталық депозитарийлері <i>Бағалы қағаздар орталық депозитарийінің бағалы қағаздар шығарылымдарының сақталуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ бағалы қағаздарды сақтауға және беруге байланысты тәуекелдерді барынша азайтуға және басқаруға ықпал ететін тиісті ережелері мен процедуралары болуға тиіс. Од бағалы қағаздарды құжатсыз нысанда аудару мақсатында оларды имобилизацияланған немесе материалсыздандырылған нысанда есепке алуы тиіс.</i> КАСС Бағалы қағаздар орталық депозитарийінің функцияларын жүзеге асырмайды. Қағидат қолданылмайды</p>		
<p>12. Активтерді айырбастаудың есеп айырысу жүйелері <i>Егер ҚНИ өзара байланысты екі міндеттеме бойынша (мысалы, бағалы қағаздармен немесе шетел валютасымен мәмілелер) есеп айырысуды қамтитын мәмілелер бойынша есеп айырысуды жүзеге асырса, онда ол басқа міндеттеме бойынша түпкілікті есеп айырысудан кейін бір міндеттеме бойынша түпкілікті есеп айырысуды жүргізе отырып, негізгі соманы жоғалту тәуекелін болдырмауға тиіс.</i> Сәйкес келеді</p>		
<p><i>1-критерий</i> Активтерді айырбастаудың есеп айырысу жүйесі болып табылатын ҚНИ бір міндеттеме бойынша түпкілікті есеп айырысуды, сондай-ақ онымен өзара байланысты міндеттеме бойынша түпкілікті есеп айырысу жүргізілгенде ғана, ҚНИ есеп айырысуды брутто немесе нетто негізде жүргізетініне қарамастан, сондай-ақ есеп айырысу аяқталған сәттен бастап қамтамасыз ете отырып, негізгі соманы жоғалту тәуекелін болдырмауға тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Клирингке қатысушыға қатысты принципал тәуекелі бағалы қағаздармен және шетел валютасымен операциялар бойынша туындауы мүмкін. "Төлемге қарсы жеткізу" талаптарындағы немесе клирингке қатысушы тарапынан алдын ала жеткізу талаптарындағы есеп айырысулар тәуекелдің туындау ықтималдығын жояды. Осы тетікті пайдалану процедуралары Клирингілік ережелерде сипатталған: ✓ КАСС клирингке қатысушының әрбір тиісті бағалы қағаздағы, валютадағы нетто-міндеттемелерін әрбір күнге анықтайды; ✓ есеп айырысу күні (КАСС клирингілік қызметті жүзеге асыратын әрбір қаржы құралы үшін Клирингілік ережелерге сәйкес анықталатын) КАСС клирингке қатысушының өзінің есеп айырысу немесе жеткізу міндеттемелерін орындауын тексереді. Жеткізу және есеп айырысу қамтамасыз ету ескерілетін шоттарды пайдалана отырып жүзеге асырылады, сондықтан КАСС әрқашан осы шоттардағы қалдықтар туралы ақпаратқа қол жеткізе алады;</p>

		<p>✓ егер міндеттемелердің жиынтық сомасын клирингке қатысушы орындаған болса, онда КАСС өз тарапынан клирингке қатысушыға қатысты тиісті міндеттемелерді орындайды;</p> <p>✓ міндеттемелерді ауыстыруды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда, позиция жабылады және қатысушының міндеттемесі тоқтатылады.</p> <p>Осы процедуралар бір міндеттеме бойынша түпкілікті есеп айырысу өзара байланысты міндеттеме бойынша түпкілікті есеп айырысу жүргізілген жағдайда ғана жүзеге асырылатынына кепілдік береді.</p> <p>Өзара байланысты міндеттемелер бойынша есеп айырысулар нетто-негізде жүзеге асырылады.</p> <p>Шетел валютасымен және бағалы қағаздармен мәмілелер бойынша есеп айырысу "төлемге қарсы жеткізу" қағидаттарында жүзеге асырылады.</p> <p>Клиринг үшін пайдаланылатын және сауда-клирингілік шоттарда ескерілетін қаржы құралдары клиринг қорытындылары бойынша есеп айырысу аяқталған сәтке дейін үшінші тұлғалардың талаптарынан қорғалған.</p> <p>КАСС "төлемге қарсы жеткізу" қағидатының сақталуын дербес бақылайды</p>
<p>13. Қатысушының дефолтына қатысты ережелер мен процедуралар</p> <p><i>ҚНИ-дың қатысушының дефолт жағдайында басқару үшін тиімді және нақты анықталған ережелері мен процедуралары болуы тиіс. Бұл ережелер мен процедуралар ҚНИ-дың өтімділікке шығындар мен қысымды төмендету және оның өз міндеттемелерін орындауды жалғастыру үшін уақтылы шаралар қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз ететіндей әзірленуге тиіс.</i></p> <p>Сәйкес келеді</p>		
<p><i>1-критерий</i></p> <p>ҚНИ-дың бір қатысушы міндеттемелерін орындамаған және дефолттан кейін ресурстарды толықтыруды реттеген жағдайда ҚНИ-ға өз міндеттемелерін орындауды жалғастыруға мүмкіндік беретін қатысушылардың дефолты кезінде басқару ережелері мен процедуралары болуы тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>КАСС ережелері мен процедуралары КАСС клирингілік қатысушының операциялық және техникалық дефолтын жариялау мүмкіндігі үшін негіздемелер тізбесін белгілейді және КАСС клирингілік қатысу дефолтын жариялаған жағдайда жүзеге асырылатын іс-қимылдарды көздейді.</p> <p>Клирингілік қатысушының мәмілелер бойынша міндеттемелерді толық көлемде және белгіленген мерзімде орындамауы, сондай-ақ маржиналдық талапты толық көлемде және белгіленген мерзімде орындамауы операциялық дефолт жағдайлары болып табылады.</p> <p>Қаржылық дефолт жағдайлары:</p>

		<ul style="list-style-type: none"> ✓ уәкілетті органның клирингілік қатысушыдан – кредиттік ұйымнан банк операцияларын жүзеге асыруға арналған лицензияны қайтарып алу (жою) жағдайлары; ✓ уақытша әкімшілік тағайындау немесе соттың клирингілік қатысушыға қатысты банкроттық процедураларының бірін енгізу туралы шешім қабылдау жағдайлары; ✓ бейрезидент банк құрылған мемлекеттің құзыретті органы берген, соның негізінде бейрезидент банктің бейрезидент банктің заңнамасында көзделген банк операцияларын жүзеге асыруға құқығы бар арнайы рұқсатты (лицензияны немесе өзге де негізді) кері қайтарып алу (жою) жағдайлары болып табылады. <p>КАСС клирингілік қатысушының дефолтын жариялаған жағдайда жүзеге асырылатын іс-қимылдар:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ дефолты КАСС жарияланған клирингілік қатысушының барлық мәмілелерінің тоқтатылуын; ✓ дефолтын Биржа жариялаған клирингілік қатысушының барлық мәмілелері тоқтатылған кезде туындайтын тәуекелдерді хеджирлейтін мәмілелерді КАСС жасасуын қамтиды. <p>Клирингілік қатысушының дефолт жағдайын реттеу:</p> <p>Операциялық дефолт:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ "жабу" мәмілелерін жасасу немесе ауыстыру мүмкін болмаған жағдайда міндеттемелерді тоқтату – cash settlement; ✓ қамтамасыз етуді сату; ✓ жосықсыз клирингілік қатысушының кепілдік беру қорларына жарналарын пайдалану. <p>Операциялық дефолт кезінде – автоматты әрекет.</p> <p>Қаржылық дефолт:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ клирингілік қызмет көрсетуді тоқтату, ✓ клирингілік қызмет көрсету тоқтатылған күні мәмілелер бойынша міндеттемелердің тоқтатылуы, ✓ тарату неттингі. <p>Қаржылық дефолт кезінде – КАСС қызметкерлері Клирингілік ережелерге және ішкі процедураларға сәйкес әрекет етеді.</p>
--	--	---

		<p>Тарату неттингі барысында міндеттемелерді тоқтату және нетто-міндеттемені/нетто-талапты есептеу Клирингілік ережелерге және ішкі процедураларға сәйкес лицензияны/банкроттық процедурасын енгізу туралы шешімді қайтарып алған күннен кейінгі күні жүзеге асырылады.</p> <p>Операциялық дефолт кезінде – адал клирингілік қатысушы алдындағы міндеттемелерді орындау үшін КАСС меншікті қаражатын пайдалану, "провайдерлермен" РЕПО мәмілелерін жасасу.</p> <p>Қаржылық дефолт кезінде КАСС қызметін қалпына келтіру жоспарында көзделген шаралар да іске қосылуы мүмкін.</p> <p>КАСС қосымша өтімділікті алудың барлық қолжетімді құралдарын үнемі әзірлікте ұстайды. (толығырақ – 7-қағидатта).</p> <p>Сонымен қатар, КАСС адал ниетті клирингілік қатысушыларға кепілдік беру қорларын толықтыру талабын жібере алады (толығырақ – 4-қағидатта).</p> <p>Клирингілік ережелердің процедураларында сондай-ақ кепілдік беру қорларына жарналарды пайдаланған жағдайда КАСС оларға қорларды пайдалану және қаражатты жеткізу қажеттігі туралы хабарлама жіберетіні көзделген.</p> <p>Клирингілік қатысушылардың дефолтына байланысты және онымен байланысты емес дағдарыстық жағдайлар кезінде қабылдануы қажет шараларды анықтау мақсатында КАСС-та Қызметті қалпына келтіру жоспары (бұдан әрі – Қалпына келтіру жоспары) әзірленді және бекітілді.</p> <p>Қалпына келтіру жоспарына сәйкес тәуекелді іске асырудың ерте алдын алу және КАСС тәуекелін төмендету/болдырмау бойынша алдын алу шараларын қабылдау мақсатында ерте ден қою индикаторлары пайдаланылады. КАСС өтімділігінің / қаржылық жай-күйінің жай-күйін бағалау үшін ертерек ден қою индикаторларының мәндерін мынадай сандық және сапалық бағалау қабылданады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Жасыл аймақ (тұрақты деңгей) ✓ Сары аймақ (сақтандырғыш деңгей – шекті мән) ✓ Қызыл аймақ (сыни деңгей) <p>КАСС Басқармасы алаңдататын (шекте) немесе сыни деңгейдегі ертерек ден қою индикаторларының мәнге қол жеткізуін талдау негізінде мынадай шешімдердің бірін қабылдауы мүмкін:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ іс-әрекет жасамау;
--	--	---

		<ul style="list-style-type: none"> ✓ Қалпына келтіру жоспарында көзделген шараларды қамтитын ерте ден қою индикаторлары бойынша дағдарыс жағдайы кезіндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы; ✓ Дағдарыстық жағдай кезіндегі іс-шаралар жоспарына Қалпына келтіру жоспарында көрсетілмеген шараларды енгізу туралы. <p>КАСС Клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелерінде, сондай-ақ Дағдарыстық жағдай кезіндегі іс-шаралар жоспарында белгіленген тәртіппен қызметті қолдау/қалпына келтіру үшін мынадай қаражатты/қаржыландыру көздерін пайдаланады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ дефолтты реттеуге арналған қорлар (сақтық және кепілдік); ✓ қосымша ресурстар. <p>Клирингілік қатысушылардың дефолтына және/немесе КАСС есептік инфрақұрылымына байланысты тәуекелдерді іске асыруға байланысты оқиға болған жағдайда қосымша ресурстар:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ дефолт-менеджмент шеңберінде ҚРҰБ тарапынан өтімділік; ✓ негізгі ұйым тарапынан қосымша капиталдандыру; ✓ КАСС Директорлар кеңесі мақұлдаған өзге де қаржыландыру көздері.
<p><i>2-критерий</i></p> <p>ҚНИ дефолт кезінде оның ережелерінде көзделген тиісті дискрециялық процедураларды қоса алғанда, ережелер мен процедураларды қолдануға жақсы дайындалуы тиіс</p>	Сақталады	<p>Дефолтты реттеу процедуралары Клирингілік ережелерде және Дефолттарды реттеу ережелерінде сипатталған.</p> <p>Осы ішкі құжаттар дефолт оқиғасы басталған кезде орындалуға жататын түпкілікті ережелер мен процедураларды, мәмілелер жасасу шарттары мен уақытын, пайдаланылатын сауда-саттық әдістерін және уәкілетті органдардың шешім қабылдау тәртібін қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, қамтиды.</p>
<p><i>3-критерий</i></p> <p>ҚНИ дефолт кезінде өзінің ережелері мен басқару процедураларының негізгі аспектілерін жария түрде ашуы тиіс</p>	Сақталады	<p>Дефолт-менеджмент процедураларын жүргізу тәртібі жазылған Клирингілік ережелер КАСС интернет-ресурсында қолжетімді.</p> <p>а) Клирингілік қатысушылардың міндеттемелерін орындамауды реттеу тәртібі:</p> <p>1) маржиналдық талап қою қамтамасыз ету құралдары жеткіліксіз болған жағдайда жүзеге асырылады;</p>

		<p>2) позицияларды мәжбүрлеп жабу және қамтамасыз ету нысанасына өндіріп алу процедуралары бірнеше күн қатарынан орындалмаған маржиналдық талап немесе орындалмаған міндеттеме кезінде жүзеге асырылады;</p> <p>3) жеке клирингілік қамтамасыз ету жеткіліксіз болған кезде берешекті өтеу немесе дефолттердің маржиналдық талаптарын орындау үшін кепілдік беру қорына оның жарнасы пайдаланылады. Кепілдік беру қорына оның жарнасы жеткіліксіз болған кезде КАСС (Skin-in-the-game) сақтық қоры, сондай-ақ адал клирингілік қатысушылардың кепілдік беру қорына жарналар пайдаланылады;</p> <p>4) клирингілік қатысушыға қатысты банкроттық процедураларын енгізу немесе банк операцияларын жүзеге асыруға арналған лицензияны қайтарып алу кезінде тарату неттингі процедурасы жүзеге асырылады, сондай-ақ позицияларды ауыстыруға болады;</p> <p>5) вариациялық маржаны төлеу бойынша міндеттемелерге қатысты пайдаланылатын міндеттемелерді дисконттау процедуралары арқылы залалдарды бөлу тетігі көзделген.</p> <p>b) Дефолт-менеджмент процедураларын КАСС жауапты бөлімшелері жүзеге асырады.</p> <p>c) Клирингілік қатысушы дефолт болған жағдайда КАСС адал клирингілік қатысушымен КАСС дефолттермен жасаған мәмілелерге ұқсас теңгерімдеуші мәмілелер жасайды.</p> <p>e) Клирингілік қатысушының клиенттері арасында тікелей қатынастар жоқ</p>
<p><i>4-критерий</i></p> <p>ҚНИ өзінің қатысушыларын және басқа да мүдделі тараптарды тестілеуге және кез келген жою процедураларын қоса алғанда, дефолтқа жол беру кезіндегі процедураларды талдауға тартуға тиіс. Мұндай тестілеу және талдау олардың орындылығы мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін жылына кемінде бір рет немесе ережелер мен процедуралардың елеулі өзгерістерінен кейін жүргізілуіне тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>КАСС процедуралары мен операциялық мүмкіндіктерін тестілеу сауда-саттық және клирингілік жүйелердегі өзгерістерді тестілеу шеңберінде, оның ішінде клирингке қатысушылармен бірлесіп тұрақты түрде өткізіледі.</p> <p>Клирингілік қатысушыларға ыңғайлы болу үшін сауда-саттық жүйесінің тестілік контуры жасалды. Онда клирингілік қатысушылар дефолт-менеджмент процедураларын қоса алғанда, кез келген операциялар мен процедураларды тестілей алады</p>

14. Сегрегация және аудару мүмкіндігі

ОК-да қатысушы клиенттерінің позицияларын сегрегациялауды және аудару мүмкіндігін және осы позициялар бойынша ОК ұсынған кепілдікті қамтамасыз етуді қамтамасыз ететін ережелер мен процедуралар болуға тиіс.

Негізінен сәйкес келеді

<p><i>1-критерий</i></p> <p>ОК кем дегенде қатысушы клиенттерінің позицияларын қолданыстағы заңнамаға сәйкес тиімді қорғайтын сегрегациялау және аудару тетіктеріне және бір қатысушы дефолт немесе оның төлем қабілетсіздігі жағдайында тиісті кепілдікті қамтамасыз етуге ие болуы тиіс. Егер ОК клиенттердің осындай позициялары мен кепілдікті қамтамасыз етуді бір қатысушының және оның аффилиирленген тұлғаларының бір мезгілде дефолтынан қорғауды қосымша ұсынса, ОК осындай қорғаудың тиімділігін қамтамасыз ету үшін шаралар қолдануға тиіс</p>	Негізінен сақталады	<p>Клирингілік ережелерде қор нарығының және деривативтер нарығының клирингілік қатысушыларына ақша қаражатын, сондай-ақ клирингілік қатысушылардың және олардың клиенттерінің міндеттемелерін міндетті түрде бөлек есепке алу және қамтамасыз ету туралы талаптар белгіленген. Сонымен қатар КАСС клирингке қатысушы клиенттің басқа клиенттерінің есебінен орындалуға жататын осы клирингке қатысушының міндеттемелерін қамтамасыз ету және (немесе) орындау үшін пайдаланылуы мүмкін емес мүлкін жеке есепке алуды қамтамасыз етеді.</p> <p>Клиенттің ОК депозитарий арқылы алатын тапсырмасы бойынша клиенттің активтері бір брокерден екіншісіне ауыстырылуы мүмкін</p>
<p><i>2-критерий</i></p> <p>ОК қатысушы клиенттерінің позицияларын тез сәйкестендіруге және тиісті кепілдікті қамтамасыз етуді сегрегациялауға мүмкіндік беретін шоттардың құрылымын пайдалануға тиіс. ОК клиенттердің позицияларын ұстап тұруы және жекелеген клиенттік шоттарда немесе клиенттердің омнибустық шоттарында кепілдікті қамтамасыз етуді ескеруі тиіс</p>	Сақталады	<p>Клирингілік шоттарды, сауда-клирингілік шоттарды ашу, жүргізу және жабу тәртібіне сәйкес КАСС өз активтері бойынша әрбір клирингілік қатысушы үшін жеке шот және клирингілік қатысушының клиенттері үшін жеке шоттар (жеке және омнибус шоттар) ашады. Маржалық қамтамасыз ету және клирингілік қатысушылар мен олардың клиенттерінің позициялары осы шоттарда ескеріледі. КАСС кез келген уақытта клирингілік қатысушының позициялары мен маржалық қамтамасыз етуін немесе оның клиенттерін қамтамасыз етуді сәйкестендіре алады</p>
<p><i>3-критерий</i></p> <p>ОК аударым тетіктерін олар дефолтқа жол берген қатысушы клиенттерінің позицияларын және кепілдікті қамтамасыз етуін бір немесе бірнеше басқа қатысушыларға беруді жоғары</p>	Негізінен сақталады	<p>Клирингілік қатысушыны дәрменсіз деп тану тәртібі Клирингілік ережелерде анықталған. Клирингілік қатысушының әрбір клиентіне жеке сауда-клирингілік шот ашылады, онда осы клиенттің позициясы және оның маржалық қамтамасыз етілуі ескеріледі. Клирингілік қатысушының позициясы дефолт болған жағдайда және оның клиентін маржалық қамтамасыз ету мұндай дефолтты реттеуге қатыспайды. Клиент</p>

ықтималдық үлесімен қамтамасыз ететіндей етіп әзірлеуі тиіс		маржалық қамтамасыз етуді басқа клирингілік қатысушының шотына аударуы мүмкін
<p><i>4-критерий</i></p> <p>ОК өзінің қағидалары, сегрегацияға және позицияларды аудару мүмкіндігіне және қатысушы клиенттерін тиісті кепілдікпен қамтамасыз етуге қатысты саясаттары мен процедуралары туралы мәліметтерді жария түрде ашуға тиіс. Атап айтқанда, ОК клиенттің кепілдікті қамтамасыз етуі жеке немесе омнибустық негізде қорғалғандығы туралы ақпаратты жария түрде ашуы тиіс. Бұдан басқа, ОК қатысушы клиенттерінің позициялары мен кепілдікті қамтамасыз етуін бөлектеуге немесе ауыстыруға кедергі келтіретін кез келген заңды немесе операциялық шектеулерді жария түрде ашуы тиіс</p>	Сақталады	<p>Сегрегация тетіктері КАСС интернет-ресурсында міндетті түрде ашылуға жататын Клирингілік ережелерде белгіленген.</p> <p>КАСС Клирингілік ережелерде сегрегациялауға арналған операциялық процедуралар, талаптар мен шығындар бөлігінде ақпаратты ашады.</p> <p>Клирингілік ережелерде белгіленгенді қоспағанда, заңдық шектеулер жоқ</p>
<p>15. Жалпы коммерциялық тәуекел</p> <p><i>ҚНИ жалпы коммерциялық тәуекелді анықтауы, мониторинг жүргізуі және басқаруы және меншікті капитал есебінен қаржыландырылатын және егер мұндай шығындар нақты болған болса, жұмыс істеп тұрған кәсіпорын ретінде операцияларды орындау мен қызметтер көрсетуді жалғастыру үшін әлеуетті жалпы коммерциялық залалдарды жабу үшін жеткілікті таза өтімді активтері болуы тиіс. Бұдан басқа, таза өтімді активтердің көлемі өте маңызды операциялар мен қызметтерді қалпына келтіруді немесе реттелген түрде аяқтауды қамтамасыз ету үшін әрқашан жеткілікті болуы тиіс.</i></p> <p>Сәйкес келеді</p>		
<p><i>1-критерий</i></p> <p>ҚНИ-де бизнес-стратегияны барабар емес іске асырудан, теріс ақша ағындарынан немесе күтпеген және тым жоғары операциялық шығыстардан болатын шығындарды қоса алғанда, жалпы коммерциялық тәуекелдерді анықтау, мониторингтеу және басқару үшін сенімді басқару және бақылау жүйелері болуы тиіс</p>	Сақталады	<p>КАСС ұйым қызметін жүзеге асыру барысында туындайтын кірістер мен шығыстарды талдау арқылы жалпы коммерциялық тәуекелді анықтайды. Атап айтқанда, жалпы коммерциялық тәуекел залалды қызметтер мен өнімдерді ұсыну нәтижесінде іске асырылуы мүмкін.</p> <p>Жалпы коммерциялық тәуекелді мониторингтеу және төмендету үшін:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ КАСС Директорлар кеңесінің Бюджет және стратегиялық жоспарлау жөніндегі комитетінің қатысуымен әзірленетін өзінің даму стратегиясын ұстанады;

		<ul style="list-style-type: none"> ✓ жаңа жобаларды енгізу кезінде кірістер мен шығыстарға талдау; бизнес-жоспарлау, жоспардың орындалмау себептерін бақылау және талдау жүргізіледі; ✓ ұйымға жалпы коммерциялық тәуекелдердің әлеуетті әсерін анықтау мақсатында КАСС капитал болжамын жасайды және КАСС басшылығының қарауына ұсынылатын ақша қаражатының қозғалысына талдау жүргізеді
<p><i>2-критерий</i></p> <p>Жалпы коммерциялық залалдар туындаған жағдайда үздіксіз тәртіптемеде жұмыс істеуді және қызметтер көрсетуді жалғастыру мүмкіндігіне ие болу үшін ҚНИ меншікті капитал есебінен қаржыландырылатын таза өтімді активтері (жай акциялар, ашық резервтер немесе бөлінбеген пайда сияқты) болуы тиіс. ҚНИ-да бар меншікті капитал есебінен қаржыландырылатын таза өтімді активтердің көлемі оның тәуекелдер бейінімен және егер осындай шаралар қабылданса, аса маңызды операциялар мен көрсетілетін қызметтерді қалпына келтіруді немесе реттеп аяқтауды қамтамасыз ету үшін қажетті уақыт ұзақтығымен анықталуға тиіс</p>	Сақталады	<p>КАСС тәуекелдерін жабу ҚР ҰБ реттеуші талаптарына сәйкес, оның ішінде CPMI-IOSCO ҚНИ үшін қағидаттарды көрсететін меншікті капитал есебінен жүзеге асырылады.</p> <p>Есептеу тәртібі ҚР ҰБ тиісті нормативтік актілерінде сипатталған.</p>
<p><i>3-критерий</i></p> <p>ҚНИ-дың қалпына келтірудің немесе реттелген таратудың өміршең жоспары және оны іске асыру үшін меншікті капитал есебінен қаржыландырылатын таза өтімді активтердің жеткілікті көлемі болуы тиіс. Меншікті капитал есебінен қаржыландырылатын ҚНИ таза өтімді активтерінің мөлшері 6 айдағы ағымдағы операциялық шығыстардың шамасынан кем болмауға тиіс. Осы активтер қатысушының дефолтын немесе қаржы</p>	Сақталады	<p>КАСС-та Қызметті қалпына келтіру жоспары (бұдан әрі – Жоспар) әзірленді және бекітілді. Жоспар клирингілік қатысушылардың дефолтына байланысты, сондай-ақ онымен байланысты емес дағдарыс жағдайларында қабылдануы қажет шараларды анықтау мақсатында, мемлекеттік қолдаусыз КАСС-тың қаржылық тұрақтылығын қалпына келтіру және қаржылық жағдай елеулі нашарлағаннан кейін қызметтің аса маңызды түрлерін орындауды жалғастыру мақсатында әзірленді.</p> <p>КАСС ҚР ҰБ нормативтік актілерімен енгізілетін халықаралық стандарттарға сәйкес келуге ұмтылады.</p> <p>Реттеуші талаптарға сәйкес КАСС бөлінген КАСС (Skin-in-the-game) капиталын қалыптастырады, жалпы тәуекелдерді жабуға және қызметті</p>

<p>ресурстарын басқару қағидаттарында көзделген басқа да тәуекелдерді жабуға арналған ресурстарға қосымша болып табылады. Бұл ретте тәуекелдерге негізделген халықаралық стандарттарға сәйкес қалыптастырылған капитал капиталдың жеткіліктілігіне қойылатын талаптардың қайталануын болдырмау мақсатында ол орынды және мақсатты болған жерде енгізілуі мүмкін</p>		<p>реттеп аяқтауға арналған – реттеуші талаптар бойынша барлық қалған тәуекелдерді жабуға міндетті капиталдан алынған қаражат. Бұдан басқа, КАСС стресс жағдайында залалдарды жабу үшін талап етілетін қосымша капиталды тұрақты бағалауды жүргізеді</p>
<p><i>4-критерий</i> Жалпы коммерциялық тәуекелді жабуға арналған активтер ҚНИ-ға әртүрлі сценарийлер кезінде, оның ішінде қолайсыз нарықтық жағдай жағдайларында өзінің ағымдағы және болжамды операциялық шығыстарын жабуға мүмкіндік беретін жоғары сапалы және жеткілікті өтімді болуы тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>КАСС активтері бақылау және қадағалау органдарының нормативтік құқықтық актілерінде қамтылған өтімділікке және сапаға қойылатын талаптарға жауап береді және қолайсыз нарықтық жағдайда бағадағы минималды шығынмен немесе бағадағы шығынсыз өткізілуі мүмкін болатындай етіп бөлінеді. КАСС активтері негізінен корреспонденттік шоттардағы қалдықтармен, ҚР ҰБ-ның кредиттік рейтинг деңгейіне қойылатын талаптарына жауап беретін консервативтік қаржы құралдарына салымдармен ұсынылған.</p> <p>КАСС кезең-кезеңімен активтердің сапасы мен өтімділігіне мониторинг жүргізеді, мониторинг нәтижелерін ҚНРДА бақылайды. КАСС сондай-ақ бірнеше түрлі сценарийлер бойынша өтімділік тәуекелін, нарықтық тәуекелді және кредиттік тәуекелді стресс-тестілеуді жүргізеді. КАСС стресс тестілеу бойынша қосымша ақпарат 4 және 7-қағидаттарда берілген</p>
<p><i>5-критерий</i> Егер оның меншікті капиталының шамасы белгіленген минимумға жақындаған немесе төмен болған болса, ҚНИ-дың қосымша капиталды тарту жөніндегі өміршең жоспары болуы тиіс. Бұл жоспарды директорлар кеңесі мақұлдауы және үнемі түзетілуі тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Қосымша қаржы ресурстарын тарту КАСС қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету және қалпына келтіру жөніндегі іс-қимылдардың ажырамас бөлігі болып табылады. Өз қаражатының (капиталының) жеткіліктілік деңгейі ҚР ҰБ белгілеген ең төменгі мәндерге жақындаған жағдайда қосымша қаржы ресурстарын тарту болжанады.</p> <p>Қосымша капитал тарту туралы мәселе КАСС Директорлар кеңесінде қарауды талап етеді.</p> <p>КАСС Жарғысына сәйкес қосымша капитал тарту туралы түпкілікті шешімді КАСС Директорлар кеңесінің ұсыныстары негізінде акционерлер қабылдайды.</p> <p>Клирингілік қатысушылардың дефолтына байланысты және онымен байланысты емес дағдарыстық жағдайлар кезінде қабылдануы қажет</p>

		<p>шараларды анықтау мақсатында КАСС-та Қызметті қалпына келтіру жоспары (бұдан әрі – Қалпына келтіру жоспары) әзірленді және бекітілді.</p> <p>Қалпына келтіру жоспарына сәйкес тәуекелді іске асырудың ерте алдын алу және КАСС тәуекелін төмендету/болдырмау бойынша алдын алу шараларын қабылдау мақсатында ерте ден қою индикаторлары пайдаланылады. КАСС өтімділігінің/қаржылық жағдайының жай-күйін бағалау үшін ертерек ден қою индикаторларының мәндерін мынадай сандық және сапалық бағалау қабылданады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Жасыл аймақ (тұрақты деңгей) ✓ Сары аймақ (алаңдататын деңгей – шекті мән) ✓ Қызыл аймақ (сыни деңгей) <p>КАСС Басқармасы алаңдататын (шекті) немесе сыни деңгейдегі ертерек ден қою индикаторларының мәнге қол жеткізуін талдау негізінде мынадай шешімдердің бірін қабылдауы мүмкін:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ іс-әрекет жасамау; ✓ Қалпына келтіру жоспарында көзделген шараларды қамтитын ерте ден қою индикаторлары бойынша дағдарыс жағдайы кезіндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы; ✓ Дағдарыстық жағдай кезіндегі іс-шаралар жоспарына Қалпына келтіру жоспарында көрсетілмеген шараларды енгізу туралы. <p>КАСС Клирингілік қызметті жүзеге асыру ережелерінде, сондай-ақ Дағдарыстық жағдай кезіндегі іс-шаралар жоспарында белгіленген тәртіппен қызметті қолдау/қалпына келтіру үшін мынадай қаражатты/қаржыландыру көздерін пайдаланады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ дефолтты реттеуге арналған қорлар (сақтық және кепілдік); ✓ қосымша ресурстар. <p>Клирингілік қатысушылардың дефолтына және/немесе КАСС есептік инфрақұрылымына байланысты тәуекелдерді іске асыруға байланысты оқиға болған жағдайда қосымша ресурстар (кезектілік тәртібімен пайдаланылады):</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ дефолт-менеджмент шеңберінде ҚРҰБ тарапынан өтімділік; ✓ негізгі ұйым тарапынан қосымша капиталдандыру;
--	--	---

		✓ КАСС Директорлар кеңесі мақұлдаған өзге де қаржыландыру көздері болуы мүмкін.
<p>16. Депозитарлық және инвестициялық тәуекелдер</p> <p><i>ҚНИ өзінің меншікті активтері мен өз қатысушыларының активтерін қорғауға, жоғалту тәуекелін және осы активтерге уақтылы қол жеткізбеді азайтуға тиіс. ҚНИ минималды кредиттік және нарықтық тәуекелдері, сондай-ақ өтімділік тәуекелі бар құралдарға инвестициялауға тиіс.</i></p> <p>Сәйкес келеді</p>		
<p><i>1-критерий</i></p> <p>ҚНИ қадағалау және реттеу объектілері болып табылатын және осындай активтерді толық қорғауды қамтамасыз ететін есепке алудың сенімді әдістері, қауіпсіз сақтау процедуралары мен ішкі бақылау жүйесі бар ұйымдарда өз қатысушыларының активтерін қоса алғанда, өз активтерін сақтауға тиіс</p>	Сақталады	<p>КАСС активтері ҚР ҰБ, ОД, жергілікті және шетелдік коммерциялық банктердің шоттарында сақталады. Жергілікті және шетелдік коммерциялық банктерді іріктеу кезінде КАСС мынадай таңдау критерийлерін басшылыққа алады:</p> <p>✓ Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B"-ден төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктері;</p> <p>✓ Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-тен төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар халықаралық қаржы ұйымдары;</p> <p>✓ Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-тен төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетелдік корреспондент банктер;</p> <p>✓ Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-тен төмен емес ұзақ мерзімді рейтингі немесе Fitch немесе Moody's Investors Service агенттіктерінің халықаралық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар бейрезидент банктер.</p> <p>Қосымша, жоғарыда келтірілген депозиторлардың бірқатары үшін шоғырлану тәуекелін барынша азайту үшін инвестициялау шектелімі қойылады</p>
<p><i>2-критерий</i></p>	Сақталады	<p>Клиринг қорытындылары бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру үшін қажетті бағалы қағаздарды қоса алғанда, барлық активтер клирингілік ұйымының Қазақстан Республикасының юрисдикциясындағы есеп</p>

<p>Қажет болған кезде ҚНИ өзінің активтеріне, оның ішінде оған қатысушылар берген активтерге дереу қол жеткізуге тиіс</p>		<p>айырысу ұйымында ашылған шоттарында сақталады (мемлекеттік органдар мен соттардың шағымдарынан босатылған). КАСС клиринг қорытындылары бойынша есеп айырысу жүргізу үшін пайдаланылатын барлық шоттар бойынша билік етуге құқылы.</p> <p>Бейрезидент-есеп айырысу банктеріндегі КАСС корреспонденттік шоттарындағы шетел валютасындағы ақша қаражатына қол жеткізу контрагенттің операциялық күні ішінде нақты уақыт тәртіптемесінде жүзеге асырылады</p>
<p><i>3-критерий</i></p> <p>ҚНИ олардың әрқайсысымен өзара байланыстардың толық спектрін назарға ала отырып, депозитарий банктер тарапынан ол ұшырайтын тәуекелдерді бағалауы және түсінуі тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>КАСС кезең-кезеңімен барлық контрагенттерге қатысты кредиттік тәуекелдерді бағалауды және мониторингін жүргізеді. Бағалы қағаздар үшін есеп айырысу депозитарийі ОД – КАСС - ҚР ҰБ бас ұйымының ірі акционерінің еншілес ұйымы болып табылады. Осыған байланысты, сондай-ақ ОК клиенттердің активтерін меншікті балансқа қоспағандықтан, ОК үшін кредиттік бағалау және кредиттік тәуекелдер мониторингі жүзеге асырылмайды. Депозитарийлер және есеп айырысу банктері бойынша шоғырлану тәуекелін басқару мақсатында КАСС олардың қаржылық жағдайына байланысты шектелімдер белгілейді. Осы шектелімдер нақты уақыт тәртіптемесінде бақыланады және кезең-кезеңімен қайта қаралады</p>
<p><i>4-критерий</i></p> <p>ҚНИ-дың инвестициялық стратегиясы тәуекелдерді басқарудың жалпы стратегиясымен келісілуі және оның қатысушыларымен толық көлемде ашылуы тиіс, ал инвестициялар қамтамасыз етілуі немесе жоғары сенімді борышкерлермен қойылатын талаптардан тұруы тиіс. ҚНИ-дың осы инвестициялары бағадағы ең аз шығынмен (немесе шығынсыз) жылдам жоюға мүмкіндік беруі тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>КАСС-те КАСС инвестициялық стратегиясының негізгі қағидаттарын анықтайтын Активтерді инвестициялау саясаты (бұдан әрі – Инвестициялау саясаты) әзірленді. Инвестициялау саясаты Тәуекелдерді басқару бөлімімен келісілген және КАСС Директорлар кеңесі бекіткен.</p> <p>Инвестициялық критерийлер Инвестициялау саясатында көрсетілген және тек қана мемлекеттік облигацияларға және кредиттік рейтинг деңгейіне қатысты КАСС талаптарына сәйкес келетін қаржы құралдарына (корреспонденттік шоттар, депозиттер, РЕПО мәмілелері) салуға мүмкіндік береді. КАСС контрагенттер мен эмитенттердің қаржылық жағдайына байланысты шектелімдер белгілейді. Бұл шектелімдер нақты уақыт тәртіптемесінде бақыланады және кезең-кезеңімен қайта қаралады.</p> <p>Барлық контрагенттерге және инвестициялық операцияларға қатысты контрагенттің қаржылық жағдайын және операциялардың капиталдың жеткіліктілігіне әсер ету ерекшеліктерін бағалауды негізге ала отырып,</p>

		<p>шектелімдер белгіленеді. Сонымен қатар, банк секторына салымдарға қатысты құрылымдық шектелімдер белгіленді.</p> <p>КАСС ақша қаражатын өтімділігі жоғары қаржы құралдарына ғана инвестициялайды, сатып алынатын қағаздар үлесіне шектеулер белгілейді, портфельді жоюдың болжамды мерзіміне мониторинг жүргізеді. Өтімділіктің жетіспеушілігі жағдайында бағалы қағаздар портфелі ҚР ҰБ-ға РЕПО мәмілесі шеңберінде берілуі мүмкін</p>
<p>17. Операциялық тәуекел</p> <p><i>ҚНИ операциялық тәуекелдің ішкі де, сыртқы да ықтимал көздерін анықтауға және тиісті жүйелерді, саясатты, процедуралар мен бақылау құралдарын пайдалану есебінен олардың әсерін жұмсартуға тиіс. Жүйелер қауіпсіздік пен операциялық сенімділіктің жоғары дәрежесін қамтамасыз етуге және жеткілікті өсірілетін өткізу қабілетіне ие болуға тиіс. Қызметтің үздіксіздігін басқару операцияларды уақтылы қалпына келтіруге және ҚНИ міндеттемелерін орындауға, оның ішінде жұмыста кең ауқымды немесе елеулі бұзушылықтар болған жағдайда бағытталуы тиіс.</i></p> <p>Сәйкес келеді</p>		
<p><i>1-критерий</i></p> <p>ҚНИ операциялық тәуекелдерді анықтау, мониторингтеу және басқару мақсатында тиісті жүйелерді, қағидаттарды, процедуралар мен бақылау құралдарын пайдалана отырып, операциялық тәуекелді басқарудың сенімді жүйесін құруы тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Операциялық тәуекелді басқару ықтимал операциялық тәуекел көздерін анықтау әдістемесін сипаттайтын КАСС Тәуекелдерді басқару саясаты және Тәуекелдерді басқару ережелері негізінде жүзеге асырылады. Саясат КАСС негізгі қызметінің, оның ішінде Биржада жасалатын мәмілелер бойынша клирингтік ұйым мен ОК функцияларын жүзеге асыратын, сондай-ақ КАСС қазынашылық операцияларының ерекшеліктерін ескере отырып әзірленді. КАСС операциялық тәуекелін басқару процесі операциялық тәуекел оқиғаларын анықтау кезеңін ғана емес, сонымен қатар себептерін талдауды, кейіннен іс-қимылдардың толықтығы мен жеткіліктілігін бақылай отырып, тәуекелді төмендету жөніндегі іс-шараларды жүргізу бойынша шешім қабылдауды қамтиды.</p> <p>Операциялық тәуекелдердің негізгі көздері:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ ықтимал емес, жеткіліксіз немесе тиімсіз процестер мен процедуралар; ✓ қызметкерлердің тиімсіздігі (қателер); ✓ жүйелердің істен шығуы; ✓ қолайсыз сыртқы факторлар (алаяқтықты немесе төтенше жағдайларды қоса алғанда).

		<p>Тәуекелдерді басқару ережелерінің қағидаларына сәйкес КАСС операциялық тәуекелдің негізгі индикаторларына үздіксіз мониторинг жүргізеді. Мониторинг жүйесі, оның ішінде мыналарды:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ тәуекелдің түйінді индикаторларын әзірлеуді және олардың тиімділігін бағалауды; ✓ тәуекелдің түйінді индикаторларын есептеу үшін ақпарат жинауды; ✓ тәуекелдің түйінді индикаторларының ағымдағы мәндерін есептеуді және бақылауды; ✓ тәуекелдің негізгі индикаторларының сындарлы мәндеріне жедел ден қоюды қамтиды. <p>Шығын оқиғалары және негізгі тәуекел индикаторлары бойынша есептілік басқару органдарына тұрақты негізде беріледі.</p> <p>Анықталған операциялық тәуекелдер үшін оларды төмендету жөніндегі іс-шаралар әзірленеді және олардың орындалуын тұрақты бақылау жүзеге асырылады.</p> <p>Операциялық тәуекел оқиғалары Тәуекелдерді басқару саясатына сәйкес жиналады, жою жоспарлары әзірленеді, мониторинг тұрақты негізде жүзеге асырылады.</p> <p>Операциялық процедураларды тиісті түрде орындауды қамтамасыз ету үшін КАСС:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ әртүрлі биржалық нарықтарда жасалған мәмілелер бойынша клиринг жүргізуге арналған операциялық күн регламенттерін; ✓ операциялық процедуралардың қол жетімді құралдармен орындалуын бақылауды; ✓ қолданылатын жүйелерді, саясаттарды пайдаланады, процестер бақылауды және қадағалау органдарының, халықаралық стандарттар мен қағидаттардың талаптарына сәйкестігіне мерзімді тексеруден өтеді. <p>Алаяқтықты болдырмау жөніндегі іс-шаралар ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі шеңберінде жүргізіледі және мыналарды:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ ақпараттың таралып кетуін болдырмау жүйесін; ✓ құпиялылық және құпиялылық дәрежесі бойынша ақпаратты ранжирлеуді;
--	--	--

		<p>✓ жұмыскерлердің ақпарат пен деректерге қол жеткізу құқықтарын бөлуді қамтиды.</p> <p>Клирингілік операциялардың сенімділігін қамтамасыз ету және mark-to-market клирингілік сессиясының басында КАСС операциялық тәуекелін барынша азайту мақсатында Регламентте белгіленген мерзімде сауда-клирингілік жүйеде көрсетілген бағалы қағаздар мен ақша қаражаты бойынша кіріс қалдықтарын олардың есеп айырысу ұйымындағы алдыңғы күнгі қалдықтарымен салыстырып тексеруді жүзеге асырады.</p> <p>Салыстырып тексеру процедурасы ішкі нормативтік құжаттарда бекітілген және есеп айырысу операцияларын жүргізу алдындағы міндетті кезең болып табылады. Алшақтықтар анықталған жағдайда оларды реттеудің белгіленген тәртібі қолданылады.</p> <p>Көрсетілген бақылау тетігін іске асыру операциялық сәйкессіздіктерді уақтылы анықтауды және жоюды, есепке алу деректерінің тұтастығын қолдауды және 17-қағидаттың 1-критерийінің талаптарына сәйкес клирингілік инфрақұрылымның жұмыс істеуінің орнықтылығын қамтамасыз етеді.</p>
<p><i>2-критерий</i></p> <p>ҚНИ директорлар кеңесі операциялық тәуекелді басқару жөніндегі рөлдер мен міндеттерді дәл анықтауы және ҚНИ операциялық тәуекелін басқару құрылымын бекітуі тиіс. Бақылау құралдарын, операциялық саясатты, процедуралар мен әдістерді мерзімді түрде, оның ішінде елеулі өзгерістерден кейін қайта қарау, тексеру және тестілеу қажет</p>	<p>Сақталады</p>	<p>КАСС-та операциялық тәуекелді басқару КАСС Директорлар кеңесінің бақылауында болады. Директорлар кеңесі тәуекелдерді, оның ішінде операциялық тәуекелдерді басқару жүйесін, осы жүйенің негізгі элементтерінің жұмыс істеуінің жалпы қағидаттарын, сондай-ақ Жарғыға сәйкес тәуекелдерді басқару жөніндегі ішкі құжаттарды бекітеді.</p> <p>Жарғының және Тәуекелдерді басқару саясатының талаптарына сәйкес құзыреттің бірінші деңгейін КАСС Директорлар кеңесі ұсынады.</p> <p>Директорлар кеңесі КАСС тәуекелдерін басқару мәселелеріне арналған, оның ішінде есепті кезеңде келіп түскен дайындалған деректер мен ақпаратты талдау нәтижелері бойынша мерзімді түрде отырыстар өткізеді, оның ішінде операциялық тәуекелдерді басқару жүйесін қайта қарау және бекіту жөнінде шешімдер қабылдауға уәкілетті.</p> <p>Қаржылық есептіліктің жыл сайынғы міндетті аудиті шеңберінде, оның ішінде операциялық тәуекелге байланысты мәселелер де қаралады.</p>

<p><i>3-критерий</i></p> <p>ҚНИ операциялық сенімділік саласында осы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған қағидаттарды қолдануға нақты белгіленген мақсаттары болуы тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Операциялық сенімділік мақсаттары ретінде КАСС мынадай сапалық және сандық мақсаттарды пайдаланады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ операциялық сенімділік саласындағы мақсаттарға қою және қол жеткізу кезінде тәуекелді шектеу/бақылау мақсатында тәуекел-тәбет (тәуекел көрсеткіштерінің барынша рұқсат етілген мәндері); ✓ тәуекелдердің түйінді индикаторлары (KRI). <p>Келтірілген коэффициенттер айтарлықтай дәрежеде жүйелердің сенімділік деңгейін көрсетеді. Коэффициенттерді белгіленген деңгейде ұстау барлық жүйелердің барабар және үздіксіз жұмыс істеуін талап етеді, бұл АТ инфрақұрылымы саласында да, қамтамасыз етуші және қолдаушы бөлімшелер шеңберінде де қолданыстағы басқару жүйесімен анықталады.</p> <p>КАСС-те мынадай құжаттар әзірленді, бекітілді және енгізілді:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Тәуекелдерді басқару саясаты; ✓ Тәуекелдерді басқару ережелері; ✓ Қызметтің үздіксіздігін басқару саясаты; ✓ Үздіксіздікті қамтамасыз ету және қызметті қалпына келтіру ережелері; ✓ Үздіксіздікті қамтамасыз ету және қызметті қалпына келтіру жоспары (Биржамен бірлескен); ✓ Қызметті қалпына келтіру жоспары; ✓ Тәуекелдер тіркелімі (жылына бір рет өзектендіріледі)
<p><i>4-критерий</i></p> <p>ҚНИ стресс кезеңінде операциялардың өскен көлемін өңдеу үшін және ұсынылатын қызметтерді белгіленген деңгейде қамтамасыз ету үшін жеткілікті есетін өткізу қабілетін қамтамасыз етуге тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>КАСС Биржадан бағдарламалық-техникалық кешенді жалға алады. КАСС Тәуекелдерді басқару ережелерінде Биржадан клирингтік жүйесін стресс-тестілеу нәтижелерін алу көзделген.</p> <p>Биржа:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ "Қазақстан қор биржасы" АҚ бағдарламалық-техникалық қамтамасыз ету қуаттарын жоспарлау тәртібіне; ✓ Ақпараттық жүйелерге жүктемені азайту жөніндегі регламентке сәйкес жеткілікті өнімділікті және өткізу қабілетін қамтамасыз етеді
<p><i>5-критерий</i></p>	<p>Сақталады</p>	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ақпараттың құпиялылығын, тұтастығы мен қол жетімділігін жоғалту тәуекелдерін</p>

<p>ҚНИ-дың барлық әлеуетті осал жақтар мен қауіп-қатерлерді ескеретін кешенді физикалық және ақпараттық қауіпсіздік саясаты болуы тиіс</p>		<p>басқаруды, көрсетілетін қызметтер мен ішкі бизнес-процестердің тұрақтылығын, сондай-ақ қызметтің үздіксіз жұмыс істеуін және қалпына келтірілуін қамтамасыз ететін ақпараттық қауіпсіздікті басқару жүйесі құрылды және жұмыс істейді.</p> <p>КАСС физикалық және ақпараттық қауіпсіздіктің ықтимал тәуекелдері мен қатерлерін уақтылы анықтауға және жоюға мүмкіндік беретін саясатты, процестер мен процедураларды пайдаланады. КАСС жүйелерінің қауіпсіздігін бағалау үшін қауіпсіздік саясаты мен хаттамаларын салалық стандарттарға сәйкес келтіреді; желілік инфрақұрылымның және қауіпсіздік хаттамаларының осалдығын кезеңдік тәуелсіз бағалау (рұқсатсыз кіруден қорғауға арналған тест) жүргізіледі.</p> <p>КАСС уақтылы ақпарат алу және қатерлерді бағалау үшін Қазақстан Республикасы қаржы секторының ақпараттық қауіпсіздігінің салалық орталығымен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты қолдайды.</p> <p>Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша жұмыскерлердің хабардарлығын арттыру іс-шаралары жүзеге асырылуда. КАСС барлық жұмыскерлері ішкі ақпараттық жүйелердің құпиялылығына, тұтастығына және үздіксіз жұмысына қауіп төндіретін проблемаларды болдырмау мақсатында ішкі процедураларды басшылыққа алады.</p> <p>Ақпараттық және физикалық қауіпсіздік мәселелерін регламенттейтін бірқатар ішкі құжаттар әзірленді және өзектендірілді:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Желілік қауіпсіздікті қамтамасыз ету саясаты. ✓ Сақтық көшіру саясаты. ✓ Рұқсаттаманы басқару саясаты. ✓ Міндетті авторландыруды талап ететін операциялардың тізбесіне қойылатын талаптар. ✓ "KASE клиринг орталығы" АҚ-тың ақпараттық жүйелеріндегі міндетті авторландыруды талап ететін операциялардың тізбесі. ✓ Физикалық қорғауды ұйымдастыру ережелері. ✓ Сәйкестендіру процедурасын ұйымдастыру және ақпараттық жүйелерге қол жеткізуді басқару ережелері.
--	--	---

		<ul style="list-style-type: none"> ✓ Вирусқа қарсы бақылауды ұйымдастыру, мобильді құрылғыларды, ақпарат тасығыштарды, Интернетті және электрондық поштаны пайдалану ережелері. ✓ Жеткізушілермен жұмыс істеу кезінде ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ережелері. ✓ Оқиғалар мониторингі және ақпараттық қауіпсіздік инциденттерін басқару ережелері. ✓ Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдеріне бағалау жүргізу және KASE тобының сындарлы ақпараттық активтерінің тізбесін қалыптастыру ережелері. <p>Киберқауіпсіздік қатерлерін бағалау Биржадан сұратылатын есептер, қорғау жүйелері журналдары және сканерлеу нәтижелері негізінде тоқсан сайын жүзеге асырылады.</p> <p>Сонымен қатар, KACC ақпараттық қауіпсіздігін басқару жүйесі қолданыстағы сертификатпен және 2025 жылғы қадағалау аудитінің нәтижелерімен расталған ISO/IEC 27001:2022 халықаралық стандартының талаптарына сәйкес келеді.</p>
<p><i>6-критерий</i></p> <p>ҚНИ-дың кең ауқымды немесе жаһандық бұзушылықтарды тудыруы мүмкін оқиғаларды қоса алғанда, жұмыста елеулі бұзушылық тәуекелін білдіретін оқиғаларды ескеретін қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспары болуы тиіс. Жоспар сақтық объектіні пайдалануды көздеуі тиіс және ақпараттық технологиялардың (АТ) аса маңызды жүйелері жұмыстағы бұзушылықтан кейін екі сағат ішінде жұмысын қайта бастайтындай етіп әзірленуі тиіс. Жоспар ҚНИ үшін жұмыста, тіпті төтенше жағдайларда да бұзушылық болған күннің соңына дейін есептеулерді аяқтау мүмкіндігін көздеуі тиіс. ҚНИ іс-шараларды жоспарлы тестілеуді тұрақты түрде өткізуі тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>KACC-та мыналар әзірленді және бекітілді:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Қызметтің үздіксіздігін басқару саясаты; ✓ Үздіксіздікті қамтамасыз ету және қызметті қалпына келтіру ережелері; ✓ Үздіксіздікті қамтамасыз ету және қызметті қалпына келтіру жоспары (Биржамен бірлескен). <p>Қызметтің үздіксіздігін басқару саясаты KACC қызметінің үздіксіздігін басқару жүйесінің жұмыс істеуінің негізгі қағидаттарын және негізгі компоненттерін анықтайды. Қызметтің үздіксіздігін басқару саясаты аса маңызды процестерді, олардың тоқтап қалуының рұқсат етілген уақытын және қалпына келтірудің нысаналы уақытын көздейді (есеп айырысу процесі үшін тиісінше 2 сағат және жұмыс күнінің соңына дейін).</p> <p>Үздіксіздікті қамтамасыз ету және қызметті қалпына келтіру ережелері ұйымдағы бизнестің үздіксіздігін басқару процесін және үздіксіздікті қамтамасыз ету және қызметті қалпына келтіру жоспарының құрылымын ашады.</p>

		<p>Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспары қызметтің қалыпты барысын кең ауқымды немесе жаһандық бұзушылықтар басталған кезде бизнес-процестерді қалпына келтіру процесін анықтайды.</p> <p>Үздіксіздікті қамтамасыз ету және қызметті қалпына келтіру ережелеріне сәйкес КАСС процестерінің үзілуіне әкелуі мүмкін факторлар мен оқиғалардың әсерін талдау жүргізіледі. Осы Талдау шеңберінде "КАСС қызметінің (процестерінің) аса маңызды түрлерінің тізбесі және оларды қалпына келтіру параметрлері" қалыптастырылды және Директорлар кеңесі бекітті.</p> <p>Үздіксіздікті қамтамасыз ету және қызметті қалпына келтіру жоспарында АТ инфрақұрылымын қалпына келтіру тобы анықталған және жауапты тұлғаларды көрсете отырып, дағдарыстық жағдай туындаған кездегі Топтың негізгі іс-қимылдары бекітілген.</p> <p>Үздіксіздікті қамтамасыз ету және қызметті қалпына келтіру жоспарының шеңберінде қалпына келтіру кезеңін анықтай отырып, күрделі АТ-жүйелерін қалпына келтіру жоспарлары жасалады.</p> <p>АТ-жүйелерінде іркілістер туындаған кезде қызметтерді жеткізушінің деректерді көшіру және сақтауының көптеген нысандарына байланысты деректердің жоғалуы барынша азайтылды. Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз етудің тиісті жоспарларында әртүрлі кеңселерде жұмысқа қосуға дайын тұрақты тестіленетін сақтық жүйелер көзделетін болады. Клиринг бойынша барлық деректер әртүрлі сақтау жүйелерінде (ыстық, жылы және суық жүйелерде) қайталанады. Сауда-саттық белсенділігінің, техникалық және бағдарламалық құралдардың функционалдылығының мониторингі нақты уақыт тәртіптемесінде жүзеге асырылады.</p> <p>Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету және қалпына келтіру жоспары Қызметтің үздіксіздігін басқару саясатында анықталған қызметтің аса маңызды түрлерінің жұмысын қалпына келтіру процедурасын және қызметтің қалыпты барысы бұзылған кезде коммуникацияны регламенттейді.</p> <p>КАСС ынтымақтастық туралы шарттарға сәйкес Биржаның сақтық кеңсесін және сақтық деректерді өңдеу орталықтарын пайдаланады. Сақтық кеңсеге қойылатын талаптар, оның ішінде ҚР ҰБ талаптарын ескере отырып қалыптастырылған және сақтық кеңсенің техникалық сипаттамаларын, аса маңызды процестерді қалпына келтіру үшін ең аз қажетті ресурстарды қамтиды.</p>
--	--	---

<p><i>7-критерий</i></p> <p>ҚНИ оның операциялары үшін негізгі қатысушылар, басқа да ҚНИ, сондай-ақ қызметтерді жеткізушілер мен коммуналдық қызметтер құратын тәуекелдерді анықтауға, мониторингтеуге және басқаруға тиіс. Бұдан басқа, ҚНИ өзінің басқа ҚНИ үшін жасалатын операцияларын анықтауға, мониторингтеуге және басқаруға тиіс</p>	<p>Негізінен сақталады</p>	<p>КАСС қызметтерінің негізгі жеткізушілері:</p> <p>Биржа – ынтымақтастық туралы шарттар шеңберінде бағдарламалық-техникалық кешенді пайдалануға беретін негізгі ұйым;</p> <p>Бағалы қағаздар орталық депозитарийі (ҚНИ);</p> <p>"ҰТК" АҚ (ҚНИ).</p> <p>ҚНИ-мен ынтымақтастық тәуекелдерін мониторингтеу және басқару Тәуекелдерді басқару саясатымен және ережелерімен регламенттелетін операциялық тәуекелдерді басқару процесі шеңберінде жүзеге асырылады.</p> <p>Қызметтің үздіксіздігін басқару саясаты, Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету және қалпына келтіру ережелері (бұдан әрі – Ережелер) әзірленді және бекітілді. Ережелерге сәйкес КАСС қызметінің қалыпты барысы бұзылған кезде барлық мүдделі тараптарды жалпы хабардар ету Үздіксіздікті қамтамасыз ету және қызметті қалпына келтіру жоспарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.</p>
<p>18. Рұқсаттамаға және қатысуға қойылатын талаптар</p> <p><i>ҚНИ-дың тәуекелдерді бағалауға негізделген объективті және әділ және ашық қолжетімділікті қамтамасыз ететін жалпыға қолжетімді қатысу критерийлері болуы тиіс.</i></p> <p>Сәйкес келеді</p>		
<p><i>1-критерий</i></p> <p>ҚНИ өз қызметтеріне, оның ішінде тікелей және, егер қажет болса, жанама қатысушыларға және басқа да ҚНИ-ға қатысуға тәуекелмен негізделген ақылға қонымды талаптар негізінде әділ және ашық рұқсаттама ұсынуға тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Клирингілік қатысушыларға мынадай талаптар қойылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ клирингілік қатысушының қаржылық тұрақтылығына қойылатын талаптар; ✓ өзінің негізгі бөлігінде IOSCO ұсынымдарына сәйкес келетін тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы; ✓ уәкілетті органның нарыққа сәйкес келетін қызмет түрін жүзеге асыруға лицензиясының болуы; ✓ клирингілік қатысушының құқық қабілеттілігін және сенімділігін растайтын құжаттар; ✓ санкциялық шектеулердің болмауы; <p>Клирингілік қатысушылар туралы қағидада, оның ішінде мынадай талаптар бекітілген:</p>

		<ul style="list-style-type: none"> ✓ Қазақстан Республикасында заңды тұлға ретінде тіркелу немесе "Шетелдік заңды тұлғаларға, сондай-ақ қор биржасына мүшелікке арналған "Астана" халықаралық қаржы орталығының қатысушыларына қойылатын талаптар туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 360 қаулысымен белгіленген критерийлерге сәйкес келу; ✓ егер мұндай лицензия қолданылатын заңнамада көзделген болса, реттеуші орган берген шетел валютасымен айырбастау операцияларын жүзеге асыруды қоса алғанда, қаржы құралдарымен мәмілелер жасауға қолданыстағы лицензиялардың болуы; ✓ бағалы қағаздар нарығында брокерлік және/немесе дилерлік қызметті жүзеге асыруға реттеуші орган берген қолданыстағы лицензияның болуы; ✓ FATF мүшесінің не FATF қауымдастырылған мүшесі (байқаушысы) болып табылатын өңірлік топ мүшесінің қолданыстағы мәртебесі бар мемлекетте құрылуы; ✓ тізбесі Қазақстан Республикасында анықталған оффшорлық аймақтардың ешқайсысында заңды тұлға ретінде тіркелмеу; ✓ өзінің негізгі бөлігінде бағалы қағаздар нарығының брокерлері – дилерлері үшін тәуекел-менеджментті ұйымдастыру жөніндегі IOSCO ұсынған не Қазақстан Республикасының тиісті талаптарында белгіленген қағидаларға сай келетін тәуекелдерді басқару жүйесінің болуы; ✓ Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының немесе халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының немесе Америка Құрама Штаттарында қолданылатын қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізуді және қаржылық есептілік жасауды жүзеге асыру; ✓ егер мұндай талаптар қолданылатын заңнамада көзделген болса, атқарушы орган мүшелерінің және кандидатты басқару органының қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестігі жөніндегі реттеуші органның мақұлдауына ие болу; ✓ меншікті капиталдың мөлшері жөніндегі талаптарды сақтау;
--	--	---

		<p>✓ КАСС ішкі құжаттарында белгіленген деңгейден төмен емес рейтингке ие болу.</p> <p>КАСС қызметтеріне әділ және ашық рұқсаттама жоғарыда атап көрсетілген критерийлер мен талаптардың бірдей болуына және барлық клирингілік қатысушыларға қолданылуына негізделген</p>
<p><i>2-критерий</i></p> <p>ҚНИ-ға қатысуға қойылатын талаптар ҚНИ-дың және ол қызмет көрсететін нарықтардың қауіпсіздігі мен тиімділігі тұрғысынан негізделуге, бейімделуге және ҚНИ-дың ерекше тәуекелдеріне мөлшерлес болуға және көпшілік алдында ашылуға тиіс. Тәуекелді бақылаудың қолайлы стандарттарын қолдау шартымен, ҚНИ қолда бар жағдайларда рұқсаттаманы ең аз шектеуді көздейтін талаптарды белгілеуге ұмтылуы тиіс</p>	Сақталады	<p>КАСС клирингіне қатысушыларға қойылатын талаптар нарықтардың қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз ете отырып, ОК қызметіне жататын тәуекелдерді басқаруды көздейді. Клирингке қатысушыларға қойылатын көптеген талаптар клирингке қатысушыларға тікелей қатысты реттеуші талаптарды ескере отырып жасалған. Мысалы, клирингке қатысушылар сенімді қаржылық жағдайды ұстап тұруы және жүйелік тәуекелді төмендету және клиенттердің мүдделерін қорғау үшін қаржы делдалдарына қатысты реттеуші талаптарының қоғамдық саясатының мақсатын көрсететін кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимылға байланысты қатаң процедураларды сақтауы тиіс деген талап. Осы шарттарды сақтау туралы КАСС талабы клиринг шарттарындағы тәуекелдерді төмендету және осылайша қызмет көрсетілетін нарықтардың сенімділігін қамтамасыз ету қажеттілігінен туындады. Клирингке қатысушыларға қойылатын қосымша талаптар КАСС-ты сенімді және қауіпсіз ОК-ға айналдыру қажеттілігінен туындап отыр.</p> <p>Рұқсаттаманың бірдей критерийлері бір санаттағы клирингілік қатысушыларға қолданылады. Мәселен, клиенттік мәмілелерді жасау үшін мәмілелерді өз атынан жасамауға мүмкіндік беретін тиісті лицензия (брокерлік лицензия немесе бағалы қағаздарды басқарушының лицензиясы) беру талап етіледі. Банктік және банктік емес ұйымдар үшін қаржылық тұрақтылық көрсеткіштеріне талаптар белгіленген.</p> <p>Клирингілік қатысушылардың әртүрлі түрлеріне (банктер, қаржы компаниялары, бейрезиденттер) қойылатын талаптарда заңнамамен және жүзеге асырылатын бизнестің ерекшеліктерімен негізделген айырмашылықтар бар (мысалы, сұратылатын есептілік құрамында айырмашылықтар бар).</p> <p>Қатысу критерийлері, қатысуды шектеуді қоса алғанда, КАСС интернет-ресурсында еркін қол жеткізуде жарияланған Клирингілік қатысушылар туралы қағидамен регламенттелген.</p>

<p>3-критерий</p> <p>ҚНИ өзінің қатысуға қойылатын талаптарының сақталуына үздіксіз негізде мониторинг жүргізуі тиіс және қатысуды тоқтата тұруды және қатысуға қойылатын талаптарды бұзған немесе оларға сәйкес келуді тоқтатқан қатысушыны реттелген түрде алып тастауды қамтамасыз ететін нақты анықталған және жария түрде ашылатын процедуралары болуы тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Клирингілік қатысушылардың қолжетімділік критерийлеріне сәйкестігін үздіксіз бақылау ақпараттық-талдау ресурстарын, сондай-ақ ішкі мамандандырылған бағдарламалық жүйелерді пайдалана отырып, клирингілік қатысушы туралы қаржылық және қаржылық емес ақпарат мониторингі есебінен жүзеге асырылады.</p> <p>Тәуекел бейіні нашарлаған клирингілік қатысушылар бойынша қаржылық талдау (қаржылық көрсеткіштердің серпінін анықтау), ішкі ақпарат (КАСС бөлімшелерінен) және ақпараттық-талдамалық ресурстар мен БАҚ-та орналастырылған жария ақпарат нәтижелерін пайдалана отырып, байқау тарихы деректерінің ішкі базасы жүргізіледі.</p> <p>Клирингілік ережелерге сәйкес КАСС белгіленген талаптарды бұзған немесе сәйкес келмейтін клирингілік қатысушыға қызмет көрсетуді клирингілік қызмет көрсетуді толық тоқтатуға дейін шектеуге құқылы.</p> <p>Мұндай шараларды қолдану үшін, атап айтқанда, міндеттемелерді орындамау, лицензияны қайтарып алу, қызметтің міндетті нормативтерін бұзу, қызметтің шығындылығы, қаржылық жай-күйінің тұрақты нашарлауының өзге де белгілері негіз бола алады. Клирингілік қызмет көрсетуге рұқсатты жүзеге асыру және шектеу кезінде бөлімшелердің өзара іс-қимыл жасау процедуралары мен тәртібі КАСС ішкі құжаттарында анықталған.</p> <p>Қатысу өлшемдері, қатысу шектеулерін қоса алғанда, КАСС интернет-ресурсында еркін қол жеткізуде жарияланған Клирингілік ережелермен регламенттелген</p>
<p>19. Көп деңгейлі қатысу құрылымы</p> <p><i>ҚНИ көп деңгейлі қатысу құрылымы үшін жасалатын елеулі тәуекелдерді анықтауы, қадағалауы және басқаруы тиіс.</i></p> <p>Қазіргі уақытта клирингілік қатысушылар ретінде бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары ғана бола алады. Клирингілік қызмет көрсету туралы шартқа сәйкес қатысудың көп деңгейлі құрылымы көзделмеген.</p> <p>Қағидат қолданылмайды</p>		
<p>20. ҚНИ байланыстары</p> <p><i>Бір немесе бірнеше ҚНИ-мен байланыс орнататын ҚНИ осы байланыстардан туындайтын тәуекелдерді анықтауға, мониторингтеуге және басқаруға тиіс.</i></p> <p>Сәйкес келеді</p> <p>КАСС үшін 3-9-критерийлер қолданылмайды.</p>		

<p><i>1-критерий</i></p> <p>Байланыстарды орнатқанға дейін, сондай-ақ байланыс орнатқаннан кейін тұрақты түрде ҚНИ байланыстарды орнату салдарынан туындайтын барлық әлеуетті тәуекел көздерін анықтауға, мониторингтеуге және басқаруға тиіс. Байланыстар тетіктері ҚНИ-дың әрқайсысы осы есепте жазылған басқа да қағидаттарды сақтайтындай етіп әзірленуге тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>КАСС клиринг қорытындылары бойынша бағалы қағаздар мен ақша қаражаты бойынша есеп айырысуды жүзеге асыратын ОД-мен жергілікті заңнамаға және келісімдерге сәйкес өзара іс-қимыл жасайды.</p> <p>КАСС Биржамен өзара іс-қимыл жасайды және жергілікті заңнамаға және келісімдерге сәйкес Биржада жасалған мәмілелер бойынша клиринг пен есеп айырысуды жүзеге асырады</p>
<p><i>2-критерий</i></p> <p>Барлық тиісті юрисдикцияларда байланыстың оның құрылымын қолдайтын және байланысты ҚНИ-ды барабар қорғауды қамтамасыз ететін сенімді құқықтық негізі болуы тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>ОК-мен және Биржамен өзара іс-қимыл жасау өзара іс-қимыл туралы келісімдер (шарттар) негізінде жүзеге асырылады.</p> <p>Келісімдерде (шарттарда) міндеттемелерді тиісінше орындамағаны үшін тараптардың жауапкершілігі көзделген</p>
<p><i>3-критерий</i></p> <p>Байланысты ОД бір-біріне жасалатын кредиттік тәуекелді және өтімділік тәуекелін бағалауға, бақылауға және басқаруға тиіс. Бір-біріне берілетін кредиттер жоғары сапалы кепілдікпен толық қамтамасыз етілуі және белгіленген шектелімдерге бағынуы тиіс</p>	<p>Қолданылмайды</p>	<p>КАСС-қа қолданылмайды.</p> <p>КАСС орталық депозитарийдің функцияларын жүзеге асырмайды</p>
<p><i>4-критерий</i></p> <p>Бағалы қағаздарды байланысқан ОД арасында алдын ала беруге тыйым салынуы тиіс немесе кем дегенде алдын ала берілген бағалы қағаздарды бірінші беру түпкілікті болған кезге дейін кері беруге тыйым салынуы тиіс</p>	<p>Қолданылмайды</p>	<p>КАСС-қа қолданылмайды.</p> <p>КАСС орталық депозитарийдің функцияларын жүзеге асырмайды</p>
<p><i>5-критерий</i></p> <p>Егер мұндай уағдаластық инвестордың ОД қатысушыларының құқықтарын қорғаудың</p>	<p>Қолданылмайды</p>	<p>КАСС-қа қолданылмайды.</p> <p>КАСС орталық депозитарийдің функцияларын жүзеге асырмайды</p>

жоғары деңгейін қамтамасыз еткен жағдайда ғана инвестордың ОД эмитенттің ОД-мен байланыс орнатуға тиіс		
<i>6-критерий</i> Эмитенттің ОД-мен байланысты іске асыру үшін делдал қызметтерін пайдаланатын инвестордың ОД делдалды тартумен туындайтын қосымша тәуекелдерді (депозитарлық, кредиттік, заңдық және операциялық тәуекелдерді қоса алғанда) өлшеуге, мониторингтеуге және басқаруға тиіс	Қолданылмайды	КАСС-қа қолданылмайды. КАСС орталық депозитарийдің функцияларын жүзеге асырмайды
<i>7-критерий</i> Басқа ОК-мен байланыс орнатпас бұрын ҚО-ға байланысты дефолт салдарынан ықтимал әсерлерді анықтауы және басқаруды қамтамасыз етуі тиіс. Егер байланыс үш және одан көп ОК арасында орнатылған болса, әрбір ОК тәуекелдерді, ұжымдық байланыстың құрылымын анықтауға, бағалауға және басқаруға тиіс	Қолданылмайды	КАСС-қа қолданылмайды. КАСС осы кезеңде басқа ОК-мен байланыс жасауды жоспарлап отырған жоқ
<i>8-критерий</i> Байланыс құрылымындағы әрбір ОК ең болмағанда күнделікті негізде байланысты ОК мен оның қатысушылары (егер бар болса) құратын өзінің ағымдағы және әлеуетті болашақ тәуекелдерін толық көлемде және жоғары сенімділік дәрежесімен жабу мүмкіндігіне ие болуы тиіс, бұл ретте ОК-ның өз қатысушылары алдындағы өз міндеттемелерін кез келген сәтте орындау қабілеттілігін төмендетпеу тиіс	Қолданылмайды	КАСС-қа қолданылмайды. КАСС осы кезеңде басқа ОК-мен байланыс жасауды жоспарлап отырған жоқ
<i>9-критерий</i>	Қолданылмайды	КАСС-қа қолданылмайды. КАСС сауда-саттық репозитарийі функциясын жүзеге асырмайды

<p>Сауда-саттық репозиторийі АТ технологиялары мен ілеспе ресурстарды кеңейту мүмкіндігін және сенімділігін қамтамасыз ету үшін оның байланыстарына негізделген қосымша операциялық тәуекелдерді мұқият бағалауы тиіс</p>		
<p>21. Тиімділік және нәтижелілік <i>ҚНИ өзі қызмет көрсететін қатысушылардың талаптарын орындаудың тиімділігі мен нәтижелілігін қамтамасыз етуі тиіс.</i> Сәйкес келеді</p>		
<p><i>1-критерий</i> ҚНИ қызметі оған қатысушылардың және ол қызмет көрсететін нарықтардың; атап айтқанда, клиринг схемасын және есептеулерді, клиринг, есептеулер немесе есепке алу жүргізілетін өнімдердің операциялық құрылымын, спектрін таңдауға, сондай-ақ технологиялар мен процедураларды пайдалануға қатысты қажеттіліктерін ескере отырып әзірленуге тиіс.</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Клирингілік қатысушылардың қажеттіліктерін талқылау жұмыс топтарында, оның ішінде нарық қатысушыларынан, сондай-ақ клирингілік қатысушылармен жаңа технологияларды, қағидаларды, процедураларды, өнімдер мен қызметтерді енгізу кезінде өткізілетін кездесулерде жүргізіледі. Қосымша тоқсан сайын клирингілік қатысушылармен кездесулер өткізіледі, онда КАСС қызметін оңтайландыру бойынша клирингілік қатысушылардың жаңалықтары мен ұсыныстары талқыланады.</p> <p>Клирингілік қатысушылардың қажеттіліктеріне сәйкестігін бағалау қолданыстағы кері байланыс процедурасы шеңберінде жүзеге асырылады</p>
<p><i>2-критерий</i> ҚНИ-дың бағалауға жататын және қол жеткізілетін, мысалы, қызмет көрсетудің, тәуекелдерді басқарудың және бизнес-басымдықтардың минималды нысаналы деңгейлеріне қатысты нақты анықталған мақсаттары мен міндеттері болуы тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>КАСС мақсаттары мен міндеттері КАСС Басқармасы жыл сайынғы негізде бекітетін Жұмыс жоспарында сипатталады. Барлық мақсаттарды өлшеуге және қол жеткізуге болады. Түйінді мақсаттар: тәуекел-менеджментті жетілдіру, жетілдірілген АТ платформасы негізінде бизнес-процестерді оңтайландыру және үйлестіру.</p> <p>Жыл сайын КАСС Басқармасы қойылған мақсаттарға қол жеткізу және қойылған міндеттерді орындау деңгейін бағалайды</p>
<p><i>3-критерий</i> ҚНИ-дың тиімділік пен нәтижелілікті тұрақты талдау үшін пысықталған тетіктері болуы тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>КАСС тоқсан сайынғы негізде Директорлар кеңесінің қарауына "KASE клиринг орталығы" АҚ қызметінің негізгі бағыттары туралы және "Қазақстан қор биржасы" АҚ мен "KASE клиринг орталығы" АҚ Даму стратегиясының іске асырылу барысы туралы есепті шығарады.</p> <p>Басқарма жартыжылдық негізде КАСС Жұмыс жоспарының орындалуы туралы есепті қарайды.</p>

<p>22. Хабарларды беру процедуралары мен стандарттары <i>ҚНИ тиімді төлемдерді, клирингі, есеп айырысулар мен есепке алуды қамтамасыз ету үшін хабарларды берудің халықаралық процедураларымен және стандарттарымен жедел үйлесімділікті пайдалануы немесе кем дегенде қамтамасыз етуі тиіс.</i></p> <p>Сәйкес келеді</p>		
<p><i>1-критерий</i> ҚНИ хабарларды берудің халықаралық процедураларымен және стандарттарымен жедел үйлесімділікті пайдалануы немесе кем дегенде қамтамасыз етуі тиіс</p>	Сақталады	Есеп айырысулар мен төлемдерді жүргізу кезінде КАСС SWIFT халықаралық жүйесін пайдаланады. КАСС хабарларды беру кезінде SWIFT стандарттарын пайдаланады. КАСС жүйесінің АТ өзара іс-қимылы бөлігінде SWIFT стандарттары да пайдаланылады.
<p>23. Ережелерді, негізгі процедураларды және нарықтық деректерді ашу <i>ҚНИ-дың нақты тұжырымдалған кешенді ережелері мен процедуралары болуы және қатысушылардың тәуекелдерді, алымдарды және ҚНИ-ға қатысуға байланысты басқа да елеулі шығындарды нақты түсінуін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін жеткілікті ақпаратты ұсынуы тиіс. Барлық тиісті ережелер мен негізгі процедуралар көпшілік алдында ашылуы тиіс.</i></p> <p>Сәйкес келеді</p>		
<p><i>1-критерий</i> ҚНИ қатысушыларға толық көлемде ашылатын нақты тұжырымдалған кешенді ережелер мен процедураларды қабылдауы тиіс. Тиісті ережелер мен негізгі процедуралар жария етілуі тиіс</p>	Сақталады	<p>Ашу қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.</p> <p>Ережелер мен процедураларды реттейтін құжаттарға Клирингілік ережелер, клиринг регламенттері, клирингілік қатысушылармен құжат айналымында қолданылатын және КАСС басқару органдары бекітетін нысандар жатады. Бұл құжаттар КАСС интернет-ресурсында еркін қолжетімділікте орналастырылады.</p> <p>КАСС Клирингілік ережелері интернет-ресурста жарияланған. Тиісті ережелер мен процедуралар клирингтің барлық қатысушылары және жұртшылықты қоса алғанда, мүдделі тараптар үшін толық көлемде қолжетімді. КАСС қызметкерлері Клирингілік ережелер мен процедуралар бойынша клирингке қатысушылардың сұрақтарына жауап алу үшін қол жетімді.</p>
<p><i>2-критерий</i> ҚНИ жүйенің құрылымы мен операцияларының нақты тұжырымдалған сипаттамаларын, сондай-ақ қатысушылар ҚНИ-ға қатысумен байланысты тәуекелдерді бағалай алатындай етіп, ҚНИ</p>	Сақталады	<p>КАСС ақпаратын ашу қолданыстағы заңнамада көзделген жағдайларда жүзеге асырылады.</p> <p>Ақпарат алушыларға КАСС клиенттері, оның ішінде клирингілік қатысушылар, КАСС акционерлері, қадағалау және реттеу органдары, әлеуетті инвесторлар, Директорлар кеңесінің мүшелері, бағалы</p>

<p>мен қатысушылардың құқықтары мен міндеттерін жария түрде ашуы тиіс</p>		<p>қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары, БАҚ және өзге де тұлғалар жатады.</p> <p>Атап айтқанда, тәуекелдерді басқару жүйесі туралы ақпарат, осы жүйенің қызметін реттейтін құжаттар, сондай-ақ КАСС басқару органдарының өзге де релеванттық шешімдері ашылуға немесе ұсынылуға жатады.</p> <p>Клирингілік қызметті жүзеге асыру кезінде КАСС жасайтын тәртіп пен іс-әрекеттер КАСС интернет-ресурсында орналастырылған Клирингілік ережелерде сипатталған.</p> <p>Клирингілік ережелермен КАСС жұмысына әсер ететін түйінді шешімдерді қабылдау мүмкіндіктері белгіленеді</p>
<p><i>3-критерий</i></p> <p>ҚНИ барлық қажетті және тиісті құжаттаманы ұсынуы және қатысушылардың ҚНИ-дың ережелері мен процедураларын, сондай-ақ ҚНИ-ға қатысу нәтижесінде олар ұшырайтын тәуекелдерді түсінуіне ықпал ететін оқытуды жүргізуі тиіс</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Жаңа жобаны іске қосу шеңберінде клирингілік қатысушыларға ақпараттық тарату, КАСС интернет-ресурсында ақпаратты (нұсқаулықтарды) орналастыру, ұжымдық және жеке кездесулерді, конференц-коллдарды, сондай-ақ клирингілік қатысушыларға одан әрі дұрыс жұмыс істеу үшін қабылдануы тиіс іс-қимылдарды өткізу шеңберінде кеңес беру мен жаңалықтарды түсіндіру жүргізіледі.</p> <p>Клирингілік қатысушылардың ережелер мен процедураларды түсінуі үшін КАСС Интернет желісіндегі өзінің интернет-ресурсында КАСС ережелері мен процедураларын түсіндіретін ақпараттық материалдарды орналастырады.</p> <p>Егер клирингілік қатысушыдан қандай да бір іс-әрекеттер талап етілген болса, КАСС тарапынан барлық клирингілік қатысушылар тарапынан осы іс-әрекеттердің дұрыстығы мен уақтылылығын тексеру және есепке алу жүргізіледі.</p> <p>Мінез-құлқы КАСС ережелері мен процедураларын түсінбейтінін көрсететін клирингілік қатысушы анықталған жағдайда, КАСС осындай клирингілік қатысушымен кеңесу өткізеді, олардың нәтижелері бойынша интернет-ресурста орналастырылған ақпараттық материалдар өзгереді және толықтырылады</p>
<p><i>4-критерий</i></p> <p>ҚНИ өзі ұсынатын жекелеген қызметтердің құны және жеңілдіктер ұсыну саясаты туралы ақпаратты жария түрде ашуы тиіс. ҚНИ салыстыру мақсаттары үшін ақылы</p>	<p>Сақталады</p>	<p>Ұсынылатын қызметтер бойынша КАСС тарифтері КАСС интернет-ресурсында орналастырылған</p>

негізде ұсынылатын қызметтердің егжей-тегжейлі сипаттамасын ұсынуы тиіс		
<p><i>5-критерий</i></p> <p>ҚНИ қаржы нарығының инфрақұрылымдары үшін ОК-IOSCO ақпаратын ашу туралы қағидаттарға сәйкес жауаптарды үнемі толтырып отыруға және жариялап отыруға тиіс. ҚНИ, сонымен бірге, кем дегенде, транзакциялардың көлемі мен саны туралы базалық деректерді ашуы тиіс</p>	Сақталады	<p>КАСС өзінің интернет-ресурсында сандық ақпаратты, оның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ активтерді қайта бағалау үшін пайдаланылатын есептік бағалар туралы; ✓ қамтамасыз етуге қойылатын талаптарды есептеу үшін пайдаланылатын қолданыстағы тәуекел-параметрлер туралы; ✓ клирингілік қызмет көрсетуге қабылданған мәмілелердің көлемі туралы; ✓ CPMI-IOSCO PFMI талаптарын сақтау мониторингі шеңберінде статистикалық ақпаратты (PQD) жария түрде ашады. <p>Бұдан басқа, КАСС ақпараттың едәуір көлемін жария түрде ашады, оның ішінде:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ ұсынылатын қызметтердің/өнімдердің сипаты; ✓ тәуекелдерді басқару жүйесінің сипаты; ✓ клирингілік қатысушыларға қойылатын талаптар; ✓ клирингілік қатысушылардың меншікті қаражатын және қамтамасыз ету құралдарын орналастыру саясаты туралы негізгі мәліметтер; ✓ корпоративтік басқару.
<p>24. Сауда-саттық репозитарийлерінің нарықтық деректерді ашуы</p> <p><i>Сауда-саттық репозитарийі деректерді тиісті құзыретті органдар мен жұртшылыққа олардың қажеттіліктеріне сәйкес уақтылы және дәл ұсынуды қамтамасыз етуге тиіс.</i></p> <p><i>КАСС сауда-саттық репозитарийі функциясын жүзеге асырмайды.</i></p> <p>Қағидат қолданылмайды</p>		